



Әлемдік сын-қатерлерге қатысты негізді пікір қажет

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев академик Кенжеғали Сағадиевті қабылдады, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Кездесу барысында отандық ғылымды дамытудың маңызды мәселелері мен Қазақстанның экономикалық саясатының негізгі бағыттары талқыланды. Мемлекет басшысы әлемдік экономика мен геосаясаттағы қазіргі ахуалға орай еліміздің ғылыми жұртшылығы пікір білдіріп, өз шешімдерін ұсынуға тиіс екенін айтты. – Бүгінде бірде-бір сарапшы жағдайдың әрі қарай қалай дамитынын және қалыптасқан ахуалдан шығудың жолдарын болжай алмайды. Еуропадағы, АҚШ-тағы, Қытайдағы ахуалға қатысты жекелеген пікірлер бар, бірақ ешкім тұтастай пайым жасай алмай отыр. Бұған қоса, бірқатар ел арасындағы санкциялық текетірес әлемдік сауда жүйесіне оң әсер етіп отырған жоқ. Терроризм қатері де назар аударуды қажет

Жоғарғы Сот Төрағасы Қайрат МӘМИ: Еліміздегі сот қызметі реформаға сай дамып келеді

Кеше Жоғарғы Сотта жоғары сот органы судьяларының өткен жылы сот төрелігін атқарудың қорытындысы бойынша «Заң үстемдігін қамтамасыз ету – соттардың басты міндеті» тақырыбы аясында алқа мәжілісі өтті. Іс-шараға Президент Әкімшілігі Басшысының орынбасары Марат Бекетаев, Жоғары Сот Кеңесінің төрағасы Анатолий Смолин, облыстық соттардың төрағалары, Судьялар одағы мен соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің басшылығы қатысты.

Алқалы жиынды ашқан Жоғарғы Сот Төрағасы Қайрат Мәми биылғы жылдың 1 қаңтарынан бастап «100 нақты қадам» – Ұлт Жоспарын орындаудың практикалық кезеңін іске асыру басталғанын атап өтті. Осы кезге дейін 59 заң күшіне енді, олар мемлекетті, экономика мен қоғамды дамыту үшін қағидатты жаңа құқықтық ортаны құрайды. Мемлекеттік

құрылыстың осы кезеңіне көшу бес институттық реформалармен айқындалады. Барлық бес институттық реформаның табысты орындалуы заң үстемдігін қамтамасыз етуге тікелей тәуелді, – деген Қайрат Әбдіразақұлы бұл міндет кеңейтілген қорытынды мәжілістің басты тақырыбына айналып отырғандығын атап өтті.

(Соңы 6-бетте).

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының қаулысы		
2016 жылғы 22 қаңтар	№5/88	Астана қаласы
Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының барлық сайлау процесіне қатысушыларға Үндеуі туралы		
«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 12-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы қаулы етеді:		
1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының барлық сайлау процесіне қатысушыларға		
үндеуінің (бұдан әрі – Үндеу) мәтіні бекітілсін.		
2. Осы Үндеу бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.		
3. Осы қаулы облыстық, Астана және Алматы қалалық сайлау комиссияларына жіберілсін.		
Төраға Қ. ТҰРҒАНҚҰЛОВ Хатшы Б. МЕЛДЕШОВ		
(Үндеудің мәтінін 2-беттен оқысыздар).		

Бүтіпті нөмірде:

Кекті бесік

8-бет

Ұлттық зерттеу университеттері

9-бет

• Өңір өмірі

«Аделияның» қияры Ресейге де жетеді

Бақтияр ТАЙЖАН,
«Егемен Қазақстан».

Шымкенттен Бадам ауылына баратын тас жолдың оң жақ тепсенінде Қазақстандағы ең алып жылыжайлардың бірі бар. «Аделия» жылыжайына Оңтүстікке сапарларының бірінде Елбасының өзі келіп, атқарылып жатқан жұмыстарына ризашылығын білдірген. Оңтүстік кәсіпкерлерімен жүздесіп, шаруашылықтарының жай-жапсарымен танысқан. Сол «Аделия» бес гектар аумақта қияр көшетін егуді бастап кетті.

Осыншама аумақты игеруге мол қаржы қажет. Үкіметтік қолдау арқылы «ҚазАгро» ұлттық холдингінен 2 млрд. 200млн.-ға жуық қаржы алған шаруашылық әлемдік технологияның жетістіктерін пайдаланып өнімді мол алуға.

Серіктестіктің бас агрономы Дмитрий Ковченко жылыжайға қиярдың өнімділігі жоғары «Неймар» сұрыпты көшеті егіліп жатқандығын айтады. Биыл қияр, қызанақтың бағасы жоғары. 600-700 теңгеден түспей тұр. Ал солтүстік облыстарда килосы мыңға дейін тартады. Яғни, «Аделияның» ұпайы түгел.



Жылыжай іші күндізгідей жарық. Көгілдір отын келіп тұр, қалыпты температура 18 градус. Егілуге дайындалған 180 мың түп көшетке керекті минералдық қоспалар дайын. Жалпы, Оңтүстік Қазақстан облысы мемлекетіміз бойынша жылыжайдың 87 пайызын қамтиды. Осыншалық жылыжайлардың өнімі сатылмай қалған емес. Көкөніс пісетін кезде алып көліктерге мінген ресейлік кәсіпкерлер көптеп келеді. Биыл дикандар шаруасына қауырт кірісіп жатыр.

Ресейдің жеміс-жидек, көкөніс, бау-бақша өнімдеріне деген сұранысын қамтамасыз етіп отырған Түркия нарықтан шеттетілді.

Жоғары технологиямен жұмыс жасайтын, өнімдері халықаралық стандарттарға сай «Аделияның» көкөністерін Ресей бұрын да алып келген, қазір бұрынғысынан да көп алмақ. Қалай дегенде де, дикандардың мандай тері ақталғалы тұр.

Оңтүстік Қазақстан облысы.

КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУ – КЕҢ МҮМКІНДІК БАСТАУЫ

Байқаушылар қалай тіркеледі?

Кеше Орталық сайлау комиссиясының отырысы болып, сайлау барысында байқаушылық қызмет атқаратын шет мемлекеттердің, халықаралық ұйымдардың, шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне рұқсат беру жайы күн тәртібіне қойылды.

Анар ТӨЛЕУХАНҚЫЗЫ,
«Егемен Қазақстан».

Отырысты ашқан ОСК төрағасы Қуандық Тұрғанқұлов күн тәртібіне екі мәселе шығарылып отырғанын айтып, алғашқы кезекте сөзді ОСК мүшесі

Татьяна Охлопковаға ұсынды. Т.Охлопкова алдағы Парламент Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының кезектен тыс өтетін сайлауларында шет мемлекеттердің, халықаралық ұйымдардың байқаушылары, шетелдік бұқаралық

ақпарат құралдарының өкілдері қызметінің кейбір мәселелері туралы қаулы жобасын ОСК мүшелерінің назарына ұсынды. Ол бойынша шет мемлекеттердің, халықаралық ұйымдардың байқаушысы мен шетелдік БАҚ өкіліне жеке басын куәландыратын құжаты бар бір аудармашы ілесіп жүре алады. Сонымен қатар, шетелдік БАҚ өкілінің еліміздің Сыртқы істер министрлігінен алынған

аккредиттелгені туралы куәлігі болуы тиіс.

Ұсынылған қаулы мәтіні бірауыздан мақұлданды, ол бойынша шетелдік байқаушы үшін сауалдама мәтіні бекітіліп, оларды аккредиттеу мерзімі болып, 2016 жылдың 14 наурызы белгіленді.

Екінші мәселе – шығып қалған сайлау комиссияларының мүшелерінің орнына жаңа мүшелерді тағайындау бойынша ОСК мүшесі Бақыт Мелдешов сөз алып, «Сайлау туралы» Заңның 19-бабының 6-тармағының екінші бөлігіне және 8-тармағына

сәйкес, Ортсайлауком сайлау заңнамасында белгілеген тәртіппен сайланғанға дейін шығып қалғандардың орнына Жамбыл облыстық сайлау комиссиясының мүшесі етіп Ж. Сариевті, Қызылорда облыстық сайлау комиссиясының мүшесі етіп Р. Чағайды, Оңтүстік Қазақстан облыстық сайлау комиссиясының мүшесі етіп О. Сағымбекованы тағайындауды ұсынды.

Ұсыныс бойынша дауыс беріліп, аталған азаматтар шығып қалғандардың орнына тағайындалды.





КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУ

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 5/88 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының ҮНДЕУІ

2016 жылғы 20 наурыз
Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің және мәслихаттарының депутаттарын сайлау

ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР!

Сіздің нақты сайлау учаскесінің аумағындағы тұрғылықты жеріңіз бойынша тіркелуіңіз Сізді сайлаушылар тізіміне енгізу үшін негіз болып табылады. 27 қаңтардан кешіктірмей, сайлау учаскелерінің шекаралары жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Егер Сіз өзіңіздің тұрақты тіркелген жеріңізден тыс елді мекенде болсаңыз, Сіз 18 ақпаннан кешіктірмей, уақытша болатын жеріңіздегі әкімдікке сайлау күні өзіңіз дауыс беретін сайлау учаскесінің сайлаушылар тізіміне Сізді енгізу туралы өтінішпен жүгінуге құқылысыз.

Өзіңіздің елді мекеніңізден тысқары жерге кететін жағдайда, Сіз, 4 наурыздан бастап 19 наурыз күнгі сағат 18:00-ге дейінгі кезеңде дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін өзіңіздің тіркелген жеріңіз бойынша сайлау учаскесінде алып, кез келген сайлау учаскесінде дауыс бере аласыз. Бір елді мекеннің шегінде дауыс беру үшін есептен шығару куәліктері берілмейді.

4 наурыздан бастап Сізге өзіңіздің сайлау учаскеніңдегі сайлаушылар тізімінде өзіңіз туралы деректердің дұрыстығын тексеру мүмкіндігі беріледі.

Сайлау учаскелерінде дауыс беру
сағат 7:00-ден 20:00-ге дейін жүргізіледі

Егер сайлау күні Сіз денсаулығыңыздың жағдайына немесе отбасының сырқат мүшесін күтуіңізге байланысты, сондай-ақ, сайлау учаскесі құрылмаған шалғайдағы және қатынасу қиын ауданда болғандықтан, сайлау учаскесіне келе алмайтын болсаңыз, Сіз учаскелік сайлау комиссиясына «үйді» дауыс беруді ұйымдастыру туралы өтініш жасауға құқылысыз.

Өтініштер 20 наурыз күнгі сағат 12:00-ге дейін қабылданады.

СІЗДЕРДІ САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНЕ ШАҚЫРАМЫЗ!

Мақсат – ынтымақ пен бірлікті ұлықтай беру

Тәуелсіздік алған кезеңдерден бері елімізде бірқатар сайлаулар өтті. Ал билығы 2016 жыл – Қазақстан тарихында ерекше жыл. Яғни, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл толады. Екіншіден, осы жылы «100 қадам» – Ұлт Жоспарын жүзеге асыру қолға алынды.

Осы ауқымды жұмыстарды іске асыру бағытында бізді аса көп нақты іс-шаралар күтіп тұр. Бұл сайлаудың ең басты мақсаты – Елбасымыздың алға қойған тапсырмаларын басшылыққа ала отырып, бүкіл қазақстандықтардың бірлігін қазіргіден де нығайта түсу. Ол үшін, әрине, келісім мен ынтымақ керек. Мәжіліс пен барлық деңгейдегі мәслихаттар сайлауларынан барлығымыз осыны күтіп отырмыз.

Елбасымыз осындай саяси науқандарды өткізу арқылы халықтың ынтымақ-бірлігін арттыруға және алдымызда тұрған кешенді бағдарламалар мен жоспарларды іс жүзінде асыруға болатынын атап өтті. Сонымен қатар, бүгінгі



қолдаймыз, сондай-ақ, Мәжіліс пен барлық деңгейдегі мәслихаттар сайлаулары ұйымдасқан түрде ойдағыдай өтетініне сенімдімін.

Оралбай ӘБДІКӘРІМОВ,
мемлекет және қоғам қайраткері.

АСТАНА.

Елдіктің еңсесін биіктететін шешім

Биыл Қазақстан үшін ерекше жыл, ел Тәуелсіздігіне 25 жыл толады. Бірақ, қазір әлемде үлкен дағдарыс болып жатыр. Дағдарыс үлкен елдерді де, кіші елдерді де қамтыды. Мысалы, Қытайға да, Ресейге де, басқа елдердің бәріне де дағдарыс өз зардабын тигізуде. Барлық мемлекеттің сол дағдарыстан қалай шығуды ойластырып, жанталасып жатқан жайы бар. Біздің Қазақстанды алатын болсақ, Президентіміз мемлекеттің жұмысын, оның аппаратын кәсібилендіру жұмысын жақсарту жөнінде Ұлт Жоспарын жүзеге асыру бойынша ел алдына асқаралы міндет қойды. Сол міндеттердің ішінде, әсіресе, 5 институттық реформаның орны бөлек. Ендігі жерде мемлекеттің жүйесі



осы реформаға сәйкес дамуы керек.

Ал демократиялық мемлекетте жұмыс істеу дегеннің өзі – заңмен жұмыс істеу деген сөз. Заң сапалық жағынан ең жоғары дәрежеде болуы тиіс. Занды қабылдайтын Парламент. Парламент – мемлекеттің биліктің бір тармағы. Сол себепті, занды қабылдайтын депутаттардың жауапкершілігі өте үлкен. Қазіргідей қиын-қыстау жағдайда депутаттар ойланп-толғанып, депутаттық корпусқа, әсіресе, Мәжіліске білікті, деңгейлері жоғары, заманға сай, Ұлт Жоспарын кәсіби тұрғыда жүзеге асыра алатын депутаттардың келгені дұрыс деген тоқтам жасады. Сөйтіп, өздерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату жөнінде Президентке ұсыныс жасады.

Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаратын кез

Жалпы, бұл сайлауды өткізу – уақыт талабы. Өйткені, Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев халыққа алдымен өзінің «5 институттық реформасын» анықтап «100 нақты қадам» бағдарламасын жариялады. Осының барлығын жүйелеп келіп, үстіміздегі жылдың басында «Ұлт Жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» атты бағдарламалық мақаласын ұсынып, бәрін де тиянақтап, көңілілікке



тайға таңба басқандай етіп түсіндіріп берді. Енді тек осы үлкен де жауапты міндеттерді орындау ғана қалды. Ол үшін, яғни жаңа тапсырма мен міндеттерді орындау үшін, жаңа белестерді игеру үшін жанаша көзқарастағы жетілген мамандар керек. Олар жаңа заманға лайық заңдарды қабылдауы тиіс. Ол заңдар болашақ іс жүргізуге ыңғайлы болуы шарт. Мұның барлығы да жоғарыда айтқан, жаңа толқын

Мемлекет басшысы олардың ұсынысын қабылдап, Бесінші шақырылған Парламент Мәжілісін тарату жөнінде, сондай-ақ, Парламент Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы Жарлыққа қол қойды. Шынында да, біздің өміріміз, тағдырымыз мемлекетпен, оның ішінде мемлекеттің заңмен тікелей байланысты. Депутаттар ең сапалы заңдарды қабылдайтын болса, онда біздің халықтың әл-ауқатының артуына да, мемлекеттің дамуына да елеулі үлес қосады.

Айта кететін тағы бір мәселе, Парламент Мәжілісіне сайлау жаңа депутаттардың келуіне мүмкіндік береді, партиялардың да белсенділігін арттыруына жол ашады. Партиялар Мәжіліске өздерінің қолдарынан іс келетін, білікті тұлғаларын ұсынулары керек. Қорыта айтқанда, Елбасының осындай саяси шешімін қолдаймын, халықты да соны қолдауға шақырамын.

Жабайхан ӘБДІЛДИН,
академик.

АСТАНА.

мамандардың біліктілігіне байланысты. Сол себептен де, Мәжіліс пен жергілікті мәслихаттарды қайта сайлау – дер кезіндегі қолға алынған іс шара дер едім. Қазақстанның экономикасын дамытуда, Қазақстан халқын әрі қарай өркендетуде мұның рөлі зор. Қазіргі дүниежүзілік дағдарыс орын алған кезеңде әр мемлекет тез арада әрі дер кезінде өзінің етек-жеңін жиып алып жатыр. Қазақстан халқының Елбасының айналасына жұдырықтай жұмылуын мен солай түсінемін. Қазақ айтқандай, «Бір жағадан бас шығарып, бір жеңнен қол шығаратын» кез тұды.

Мұрат ЖҰРЫНОВ,
Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының президенті.

АЛМАТЫ.

Жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын бастама



Бүгінгі таңда бейбітшілік пен тұрақтылықты, ынтымақ пен бірлікті нығайтудың қоғам мен мемлекеттің, еліміздің барша азаматтарының күш-жігерін жұмылдыру жолында маңызды зор. Осыған байланысты, еліміздің заң шығару тетігі болып табылатын Парламент пен барлық деңгейдегі мәслихаттардың жаңа мүшелерін сайлауды халық мүддесіне сай келетін ең дұрыс шешім деп санаймын. Бұл – тәуелсіз елдің болашағы үшін жасалатын маңызды қадам.

Бұл бастама ендігі шешуші кезеңде біздің қоғамның әлеуметтік-экономикалық мәселелерге баса назар аударып, мемлекеттік стратегиялық бағдарламаларды тиімді жүзеге асыруға, жаңа мүмкіндіктерге жол ашады деп сенемін.

Рахман АЛШАНОВ,

«Тұран» университетінің ректоры, Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындары қауымдастығының төрағасы.

АЛМАТЫ.

Ел мүддесі бірінші кезекте

Кеше Астанада «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясының төрағасы Әли Бектаевтың қатысуымен брифинг өтті. Онда Елбасының бесінші шақырылған Парламент Мәжілісін тарату және Парламент Мәжілісі депутаттарының сайлауын кезектен тыс өткізу туралы Жарлығына байланысты «Ауыл» партиясының мәлімдемесі жария етілді.

Жолдыбай БАЗАР,
«Егемен Қазақстан».

Жиында Әли Бектаев «Ауыл» партиясының басшылары мен мүшелері депутаттардың бесінші шақырылған Парламент Мәжілісін таратып, Мәжіліс пен барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының сайлауларын өткізу туралы бастамасына қатысты Мемлекет басшысының оң шешім қабылдап, тиісті Жарлыққа қол қойғанын қуанышпен қабыл алғандарын жеткізді. Сондай-ақ, ол еліміздің экономикалық әлеуетін сөз ете келіп: «Бүгінде Қазақстан астық, дәнді-дақылдар, сүт-ет өнімдерінің, балық және басқа да азық-түлік түрлерінің ірі экспорттаушысына айналды. Десе де, жаһандық экономикалық дағдарыстың жаңа толқыны қарсаңында біз өз болашағымызға, күшімізге сенімді болуымыз керек», – деді. Сонымен қатар, спикер еліміздің алдында Президент ұсынған 5 институттық реформаны сәтті жүзеге асыру арқылы әлемдік дағдарыстың салдарын жеңілдету міндеті тұрғанына назар аударып келіп: «Мәжіліс депутаттарының сайлауын кезектен тыс өткізу және барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының кезекті сайлауын өткізу арқылы біз халық қалаушысы болуға ең лайықты, білікті, Қазақстанның нағыз жанашыр патриоттарын іріктеу аламыз. Сонымен қатар, бұл – мемлекет құрылысының жаңа кезеңіндегі жаңадан жасакталған Парламентте өз қарым-қабілетін көрсету үшін өзге де партияларға беріліп отырған зор мүмкіндік», – деді.

Ә.Бектаев сөзінің соңын: «Осы орайда, ауыл жұртының, қарапайым шаруалар мен ауылшаруашылық тауар өндіруші кәсіпкерлердің партиясы ретінде Парламент депутаттарының дер кезінде көтерген бастамасын қолдаймыз және оған қатысты оң шешім қабылдаған Елбасына зор алғыс айтқымыз келеді», – деп түйіндеді.

Еске сала кетейік, «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы 2015 жылдың 5 қыркүйегінде бұрынғы Қазақстан социал-демократиялық «Ауыл» партиясы мен «Қазақстан Патриоттар» партиясының еліміздің және азаматтардың мүдделерін ескере отырып, біртұтас ұйымға бірігу туралы шешіміне сәйкес құрылған болатын.

Коммунистік партия сайлауға түседі

Қазақстанның коммунистік халық партиясы Мемлекет басшысының кезектен тыс Парламент сайлауын өткізу туралы Жарлығын қолдайтынын және партияның сайлауға түсетінін мәлімдеді.

Динара БІТКОВА,
«Егемен Қазақстан».

«Дамуың қазіргі кезеңі жаһандық дағдарысқа тап болып отыр. Қиын-қыстау кезеңде мемлекет қандай жолды таңдауы қажеттігін және қандай партия сайлаушылардың сенімін ақтай алатынын анықтап алу керек, деді партияның ресми мәлімдемесін оқыған ҚКХП ОК саяси бюросының мүшесі Айқын Қоңыров.

Ал Қазақстанның коммунистік халық партиясының хатшысы Тұрғын Сыздықов сайлауға түсуге партияның дайындығын, ал Елбасы қабылдаған

шешімді уақтылы әрі негізді деп санайтындықтарын жеткізді. «Бүгін саяси бюронь отырысы болды. Онда біздің көптеген жергілікті коммунистердің хаттары бойынша, олардың жіберген, телефонмен хабарласқан жолдау-ұсыныстары бойынша біз партиямыздың алдағы сайлауға шығу жағдайын қарастырдық. Нәтижесінде, партиямыз сайлауға түседі деген шешім қабылдадық. Партиямыз сайлауға дайын. Біз үгіт-насихат жұмыстары барысында өзіміздің ұстаным, ой-пікірлерімізді халыққа жеткізетін боламыз. Ал енді саясат туралы айтар болсақ, Президентіміздің

Сауалдама сайлаудың қажеттілігін көрсетті

Кеше Орталық коммуникациялар қызметіндегі брифингте «Қоғамдық пікір» зерттеу институтының атқарушы директоры Айгүл Сәдуақасова жүргізілген сауалдамаға қатысқандардың 96 пайызы кезектен тыс парламенттік сайлау экономикалық мәселелерді шешуге ықпалын тигізеді деп санайтынын мәлім етті.

Жақсыбай САМПАТ,
«Егемен Қазақстан».

«Бір апта бойы осынау өзекті мәселені барша қоғам талқылап жатыр. Біз респонденттерге Мәжілістің кезектен тыс сайлауына көзқарасы қандай екенін білуге тиісті сұрақтарды қойдық. Телефон арқылы жасалған сұхбатқа 1200 респондент қатысты. Әлеуметтік сауалдама Астана, Алматы және барлық облыс орталықтарын қамтыды. Біріншіден, Парламент Мәжілісінің кезектен тыс сайлауын өткізу бойынша бастама

қазақстандықтарға қалай әсер етіп, осы бастаманы қалай қолдап отырғандығы сұралды. Респонденттердің 93,6 пайызы бұл бастама уақтылы жасалды деп есептейді. Сонымен қатар, 97,2 пайызы Елбасының бесінші шақырылған Парламент Мәжілісін тарату және Мәжіліс депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы шешімін қолдап отыр», – деді А. Сәдуақасова.

Оның сөзіне қарағанда, респонденттердің 95,4 пайызы Ұлт Жоспарын жүзеге асыру үшін партиялар сайлаушылардың сенім мандатын алуы керек

Жарлығын коммунистер қолдайды. Негізгі Отанымызды жақсы көрген соң, Отанымызға сенім берік болған соң біз мынау дағдарыс жақсылыққа апармайтынын сезінеміз. Сондықтан, осы дағдарыстан шығу жолында басымызды біріктіріп, бәріміз ел болып жұмылуымыз керек. Тарихта да солай болған, біздің халық басын біріктіргенде ылғи жеңіске жеткен. Соған сай, біз Президентіміздің маңына топтасып, осы дағдарыстан шығуымыз керек. Жаңа Парламентті құру – бұл бір себеп, сондай-ақ, халық осы қиын жағдайда қай партияның ұстанымын орындай, қайсысына сенім артады деген оймен осы сайлауға шығайын деп жатырмыз. Біз 26 ақпанда алқалы жиын өткіземіз. Сонда сөзге шақыратын мәселені қараймыз», деді Т.Сыздықов.

Сондай-ақ, сауалдамаға қатысқандардың 97,2 пайызы Мемлекет басшысының сауатты, іскер және елдің мүддесін қорғайтын кандидаттар депутаттыққа ұсынылуы керек деген пікірін қолдайтындарын айтқан көрінеді. «Қорыта айтқанда, сауалдамаға қатысқандардың 97,2 пайызы кезектен тыс парламенттік сайлауды өткізу экономикалық қиындықтарды шешуге ықпалын тигізеді деп отыр», – деді А.Сәдуақасова.

Әр партия сайлауға қатысуға міндетті

Біздің мақсат – түрлі салаларда ұлттық мүддемізді қорғау, мықты мемлекет құру. Ол үшін баршаға белгілі, мықты экономикаға сүйену қажет. Қазіргі геосаяси күрделі ахуалда жауапты әрі тың шешімдерді қабылдау қажеттігі туындап отыр. Осындай ұсыныстың боларын сездік әрі дайын болдық. Себебі, қазіргі жағдайлар осындай шешімдерге үндейді.

Эльмира МӨТІБАЕВА,
«Егемен Қазақстан».

Осылай деді «Ақ жол» демократиялық партиясының төрағасы Азат Перуашев. Оның айтуына қарағанда, алдағы Мәжіліс пен мәслихаттар сайлауына партия тарапынан қызу дайындықтар жүріп жатыр. Осының алдындағы сайлау науқанында 10 бағыттан тұратын сайлауалды тұжырымдамаларды ұсынған болатынбыз. Сол сияқты, осы сайлауда да бірнеше бағыттар бойынша жұмыс істейміз, дей отырып олардың қатарында тәуелсіздік және ұлттық мүдде, нарықтық экономикаға бағытталған жекешелендіруді қолдау, жемқорлыққа қарсы күрес, шетелдік банктерге шығарылған қаражаттарды елге қайтару, демократиялық институттарды дамыту секілді ұстанымдардың бар екендігін айтты. Жалпы алғанда, кез келген партия сайлауға дайын болуы қажет. Және де сайлауға қатысу әр саяси партияның негізгі міндеттерінің бірі, деді А.Перуашев.

Сондай-ақ, ол әскери күштердің соғысқа қатысатындығы немесе соғысқа дайындалатынын секілді, партиялар да сайлауға дайындалатынын және оған қатысатындығын мысалға алды. Сайлауға дайындық жұмыстарының барысына кеңірек тоқталған партия төрағасы, бүгінгі күні партияның орталық аппараты мен облыстардағы филиалдары штаб құрып, онда басшылар тағайындалып, қызу жұмыс жасалынып жатқандығына тоқталды.

Партияның сайлауға қатысуы жөнінде шешім қабылдау қажет. Оны еліміздің заңына сәйкес басқарушы орган ретінде партия сөзсіз шешеді. Бұл ретте съездің 3 ақпанда өтетіндігін мәлімдеген партия төрағасы халық қалаушыларына деген жұртшылықтың сенімі үлкен маңызға ие екендігін атап айтты. Сол себепті, алдағы сайлауға біздің партия жоғары дайындықпен бара жатыр. Бұл ретте жұмысымызды белсенді түрде атқарудамыз. Осы уақыттарда жергілікті жерлерде, облыстық және қалалық аймақтарда конференциялар өткізіміз қажет. Қазіргі уақытта партия атынан сайлауға түсетін үміткерлердің тізімін бекіту жұмыстары жүргізілуде. Үміткерлеріміздің тізімі анық болғаннан кейін, сенімді өкілдерді бекітуге көшеміз, деді А.Перуашев.

«Бірлік» партиясы үшін – бірінші сайлау

Кеше Астана қаласындағы «Қазмедиа» орталығында «Бірлік» саяси партиясының төрағасы Серік Сұлтанғали алдағы Парламент сайлауына байланысты БАҚ өкілдеріне сұхбат берді. Ол Елбасының Парламент Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын өткізу туралы Жарлығын қолдайтынын айтып, аталған саяси науқанға партия мүшелерінің үміткер ретінде қатысатынын жеткізді.

Еламан ҚОҢЫР,
«Егемен Қазақстан».

«Елбасының бұл Жарлығын «Бірлік» партиясы толық қолдайды. Мұндай шешім тактикалық тұрғыда өте дұрыс. Себебі, Мәжілістің бесінші шақырылымы өзіне жүктелген міндетті толығымен орындады. Жолдауда айтылған бағдарламалардың заңдық негізін қалап, аз уақытта ауқымды жұмыс жасады. Алайда, қазір әлем тап болып отырған қиындық, экономикалық дағдарыстар жаңа күшті, жаңа қарқынды, жаңа екпінді қажет етеді. Сондықтан, сайлау өткізіп, Парламент құрамына қажыр-қайраты мол, іскер, тың идеялары бар азаматтардың келуіне мүмкіндік беру – ең ұтымды шешім. Бұл ретте біздің партия үшін де бұл сайлау үлкен мәртебе екенін айтқым келеді. Себебі, құрылғанына толық екі жыл болған партиямыз алғаш рет сайлауға қатысып, өз бағын сынан көреді», – деді С.Сұлтанғали.

Сонымен қатар, ол «Бірлік» партиясының мүмкіндігіне тоқталып өтті. Екі жылдың ішінде бірқатар игі істерге мұрындық болған партия үшін қазір өз күш-қуатын бағамдайтын шақ туғанын айтқан С.Сұлтанғали: «Өзірге қазақстандықтар үшін аса таныла қойған жоқпыз. Соған қарамастан, екі жылда өз деңгейімізде айтарлықтай жұмыс жасадық. Сайлауда заң жүзіндегі ең аз дауыс үлесімізді алсақ та қанағаттанамыз. Сондықтан, алдағы сайлау «Бірлік» партиясы үшін үлкен емтихан болмақ», – деді.

Сондай-ақ, төраға ақпан айында партияның съезі өтетінін мәлімдеді. «Сайлауға байланысты ақпанда съезд өткіземіз. Сол жерде депутаттыққа үміткерлер тізімі жасалып, бағдарламыз дайындалады. Үгіт-насихат кезінде Қазақстанды аралап, стратегиямызды, жоспарымызды халыққа жеткіземіз. Осы жұмыстардан кейін партия мүшелерінің саны артады деп үміттенемін. Негізінен ауыл өмірін жақсартуға бағытталған ұстанымымыз халық тарапынан қолдау табуына сенемін», – деді партия төрағасы.

Айта кетейік, қазіргі таңда «Бірлік» партиясының 53 мың мүшесі бар.

КЕҢ МҮМКІНДІК БАСТАУЫ



Іскер әйелдер ассоциациясының Қазақстан Президентінің «Бесінші шақырылған Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісін тарату және Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын өткізу туралы» Жарлығына қатысты МӘЛІМДЕМЕСІ

Іскер әйелдер ассоциациясы Мемлекет басшысының Қазақстан Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы шешімін толықтай қолдайды.

Бұл қадам мейлінше стратегиялық мақсаттан – бүкіл қазақстандықтарды, елдің бүкіл саяси күштерін мемлекет дамуының қазіргі сатыдағы көкейкесті мәселелеріне жұмылдыру мақсатынан туындап отыр деп есептейміз.

Мемлекет басшысы Қазақстанның бүкіл қоғамдық күштеріне реформаларды жүзеге асыру жөніндегі жұмысқа белсенді араласу үшін бірегей мүмкіндік ұсынды.

Жаңа депутаттық корпусы қалыптастыру – жаһандық экономикалық дағдарысқа қарсы тұруды күшейту, сондай-ақ елді жаңғыртудың келесі сатысында заңшығарушылық жұмыстың тиімділігін арттыру мүмкіндігі.

Қазақстанның әйелдері, оның ішінде бизнес-қауымдастық өкілдері әр кезде де ел Президентінің барлық бастамаларының белсенді қатысушылары болған және болып қала береді.

Парламент Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын мемлекет дамуының дәл осы сатысында өткізу оның жұмысына жаңа серпін беруге жағдай жасайды. Жанарған депутаттық корпус біздің қоғамымызды топтастырады және Қазақстанның одан әрі тұрақты даму игілігі үшін жаңа сындарлы идеялардың генераторы ретінде көрініс табады.

«Еуразиялық құқық қорғау орталығы» қоғамдық қорының Қазақстан Президентінің «Бесінші шақырылған Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісін тарату және Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын өткізу туралы» Жарлығына қатысты МӘЛІМДЕМЕСІ

«Еуразиялық құқық қорғау орталығы» елдің бүкіл қоғамдық-саяси күштерінің дағдарысқа қарсы стратегияны, сондай-ақ Қазақстан Президентінің бес институттық реформасын жүзеге асыруға мазмұнды қатысуы қажеттігіне үлкен маңыз бере отырып, Мемлекет басшысының Парламент Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы Жарлығына өз қолдауын білдіреді.

Елбасы қабылдаған шешімнің уақтылы және маңызды екенін оның өзі-ақ айтып тұр. Бүкіл әлем үшін күрделі осынау уақытта биліктің заң шығарушы тармағын заңшығарушылық жұмысқа жаңа серпін беруге қабілетті адамдармен жанарту мемлекеттің дағдарысқа қарсы саясатының тиімділігін арттыруға жағдай жасайтын болады.

Бүгінде, ел жаңа сынақтар табалдырығында тұрған кезде, біз оза іс-қимыл жасауға тиіспіз. Сондықтан, екі сайлау науқанын – Мәжіліс пен барлық деңгейдегі мәслихаттарды сайлау – заң шығарушы және жергілікті билік өкілдерінің сайлау үдерістерін біріктіре отырып, біздің одан арғы іс-қимылдарға неғұрлым шұғыл кірісуімізге жағдай жасайды.

Депутаттық корпусыты жанарту – азаматтық бастамаларды кеңейту, халықтың түрлі топтарының мүдделерін шоғырландыру және қазақстандықтарды институттық реформалар бағдарламасын табысты жүзеге асыруға біріктіру үшін жаңа мүмкіндіктер.

«Жасыл ел» жастардың еңбек отрядтары республикалық штабының Мемлекет басшысының Жарлығын қолдаған МӘЛІМДЕМЕСІ

Біздің ұйымымыздың атынан Мемлекет басшысына Мәжіліс депутаттарының бастамасына қолдау білдіргені және Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісіне кезектен тыс сайлау өткізу туралы Жарлыққа қол қойғаны үшін алғыс сезімін білдіреміз.

Дағдарысқа қарсы реформалардың жаңа Парламенттің құру үдерісінің Қазақстан тәуелсіздігінің мерейтойлы жылында бастау алуының символдық мәні бар деп есептейміз.

Парламент сайлауды елдің саяси өміріндегі неғұрлым маңызды кезең болып қабылданы және мемлекет дамуының жаңа сатысындағы жауапкершілікті бөлісуге дайын барлық сындарлы күштер үшін көкейкесті ұнқатысу алаңын қалыптастырады.

Бүкіл прогрессшіл жастар үшін сайлау – өзін көрсету, өзінің маңыздылығы мен қажеттілігін дәлелдеу үшін бірегей мүмкіндік.

Біз елді одан әрі жаңғырту, реформаларды ілгерілету және «100 нақты қадам» Ұлт Жоспарын өмірге дәйектілікпен енгізу ісіне өз үлесімізді қосуға дайынбыз.

Уақыттың сын-кәтерін ескере келгенде, парламенттік сайлау өткізу туралы шешім уақтылы болып табылады, өйткені ол реформаларды қозғайтын күш ретіндегі депутаттық корпусының жанаруына мүмкіндіктер ашады.

Одан әрі тиімді жұмыс істеу үшін парламентшілерге халық сенімі вотумына ие болу және жұмыстың толық қиылына келісілген іс-қимылдар бағдарламасын ұсыну маңызды.

Алдағы сайлаудың қазақстандықтардың ел дамуының жаңа сатысында бірлігі мен топтасқандығын бейнелей алатындығына сенімдіміз.

Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының «Парламент Мәжілісін тарату және ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттарының сайлауын кезектен тыс өткізу туралы» Жарлыққа байланысты МӘЛІМДЕМЕСІ

Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы депутаттардың маңызды бастамасына қатысты Президентіміздің оң шешім қабылдағанын аса зор ықыласпен қабыл алды.

Мәжіліс және барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының сайлауларын кезектен тыс өткізу ұлттың Мәңгілік Елге айналу мұратына жетуде аса маңызды әрі тағдырлы қадам деп санаймыз. Сайлауды әлемдік дағдарыстың кезекті толқынына дейін өткізіп үлгерсек, сыртқы сын-кәтердің салмағы жеңіл болары сөзсіз.

5 институттық реформаны жүзеге асыруда ешнәрсеге алаңдамай, билік, мемлекеттік құрылым және азаматтық қоғам болып ұйымдасып жұмыс істеу аса маңызды. Осы орайда, жаңадан жасакталатын Парламент осынау мемлекет құраушы үш қуатты бір мақсатқа жұмылдыра алады деген ойдамыз.

«Ардагер» зейнеткерлер қоғамдық бірлестігінің МӘЛІМДЕМЕСІ

«Ардагер» қоғамдық бірлестігінің мүшелері ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Парламент Мәжілісін тарату және оның депутаттарының кезектен тыс сайлауын өткізу туралы шешімін қолдайды.

Біздің елімізде, Президент саясатының арқасында, татулық, тұрақтылық, қоғамдық келісім қамтамасыз етілуде, сондай-ақ, халықтың әлеуметтік әлсіз топтарына қолдау көрсету бойынша шаралар кешені жүзеге асырылуда. Елді қорғау мен адамдарға қамқорлық саясаты, тіпті, ең қиын дағдарысты жылдарда да өзгеріссіз күйінде қалды.

Елбасының кезектен тыс сайлау өткізу туралы шешімі тұрақтылықты нығайтуға және жаһандық дағдарыс зардаптарын еңсеру үшін қолайлы мүмкіндіктер туғызу жөніндегі бағытқа қолдау көрсетуге бұрынғыдан бетер жағдай жасайтын болады.

Ұлт Жоспарында және Президенттің «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Жолдауында

әлеуметтік саясат саласындағы мәселелердің үлкен блогы бейнеленген. Сонымен бірге, күрделі мәселелерді шешу бүкіл азаматтар үшін міндет болуы тиіс екендігі де айтылды. Біз мұның адами және материалдық ресурстарға ие және адамдардың проблемаларын көруге және шешуге қабілетті саяси партиялар үшін айрықша көкейкесті екенін түсінеміз.

Сондықтан да біз кезектен тыс сайлау өткізу туралы Жарлыққа қол қою туралы шешімді реформалар стратегиясы мен дағдарысқа қарсы шараларды жүзеге асыру бойынша заңды қадам ретінде қабылдадық.

Біз патернализммен аулақпыз және зейнеткерлерді өз ұйыммыздың шеңберінде біріктіре отырып, Мәжілістің кезектен тыс сайлауын өткізу туралы шешімге қолдау білдіреміз.

Біз дағдарысқа қарсы реформаларды жүргізу және біздің Президентіміздің басқа да бастамаларын жүзеге асыру жөніндегі жұмысқа белсенді атсалысуға дайынбыз.

Кәсіподақтар федерациясының МӘЛІМДЕМЕСІ

Қазақстан Кәсіподақтары федерациясының барлық мүшелері атынан Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың Парламент Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын өткізу туралы шешіміне қолдау білдіреміз.

Біз Ұлт Жоспарын жүзеге асыруға және онда қаралған ел өмірінің бүкіл салаларын кешенді реформалау жөніндегі шынайы кең ауқымды жұмысқа дайынбыз.

Халықтың сан түрлі топтарын біріктіретін және мүдделерін қорғауы барлық саяси партиялар мемлекет қызметіне дәл осылайша ықпалды атсалысуға тиіс деп есептейміз. Сайлауды өткізу елдің қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық

өмірінің үдерістеріне барлық қатысушыларға мемлекеттің одан әрі дамуына қатысты өз пайымдарын білдіру және күн тәртібінде тұрған проблемалар мен көкейкесті мәселелерді шешуде өзіне жауапкершілік алу мүмкіндігін береді.

Ол жан-жақты қолдауға және сайлау науқанын өткізу мен Ұлт Жоспарын жүзеге асыру бойынша парламентшілермен одан арғы жұмысқа жаппай белсенді атсалысуға лайық. Сайлау қазақстандықтарды топтас-тырады және қоғамдық бәтуа негізінде дағдарысқа қарсы реформаларды табысты жүзеге асыру үшін жаңа жасампаз әлеуетке бастамашы болады.

Қазақстан халқы Ассамблея Кеңесінің МӘЛІМДЕМЕСІ

Қазақстан халқы Ассамблеясы мүшелерінің атынан Елбасы – Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы шешіміне қолдау көрсетеміз.

Біз, қазақстандықтар үшін басты жетістік қашанда қоғамдағы бейбітшілік, тұрақтылық және келісім болып келеді. Осы мызғымайтын қазақстандық құндылықтар барлық қиындықтарды табысты еңсеріп, қуатты Қазақстан құруға көмектесуде.

Қазіргі әлемдік экономикалық дағдарыс жағдайында Президент кезектен тыс парламенттік сайлау өткізу туралы уақтылы шешім қабылдап, еліміздің заң шығарушы органында азаматтарымыздың мүддесін қорғауға құқық беру үшін ашық бәсекелестікке мүмкіндік ұсынды.

Бұл шешімнен біз Президенттің қоғамдық

күштер мен саяси партиялардың жоғары сын-дарлы әлеуетіне деген оң көзқарасын, сондай-ақ, Елбасының құрылған жылдарынан бері ұлттың бірлігін нығайтуды қамтамасыз етіп, қоғамдағы өзара қолдау мен қазақстандық патриотизм идеяларын таратудағы жұмысына деген сенімділігін көреміз.

Біз Парламент Мәжілісі депутаттарының жаңа құрамын сайлау халықтың азаматтық белсенділігін арттыруға қуатты серпін беріп, Мемлекет басшысының дағдарысқа қарсы жоспарын жүзеге асыру үшін бүкілхалықтық бірлікті нығайтуды қамтамасыз ететініне зор сенімдеміз.

Бұл реформаларды табысты жүргізу үшін оңтайлы жағдайлар қалыптастыруға, қоғамдық келісім мен жалпыхұлттық бірлікті нығайтуға жағдай туғызатын болады.

«Атамекен» ҰҚП-ның Мемлекет басшысының Жарлығын қолдау туралы МӘЛІМДЕМЕСІ

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің кезектен тыс сайлауын өткізу туралы Жарлықты қолдай отырып, біз Елбасына елімізге бүгінгідей құбылмалы заманда алдын ала іс-қимыл танытуға мүмкіндік беретін уақтылы және қажетті қадамға барғаны үшін өзіміздің ризашылығымызды білдіреміз.

Сөзіла түсіп отырған жаһандық экономикалық дағдарыс мемлекеттен жаңа сын-кәтерлерге, сондай-ақ жүргізіліп жатқан реформалар бағытын тереңдетуге қатысты жедел шараларды талап етеді. Бизнес өкілдері V шақырылымдағы депутаттардың үйлесімді жұмысын жоғары

бағаласа, соның арқасында «100 нақты қадам» Ұлт Жоспары шеңберінде елімізді жедел жаңғыртудың заманауи заңнамалық арқауы қабылданды.

Біз кезектен тыс сайлау кең көлемді қоғамдық пікірталас өткізіп, кәсіпкерлерді қоса алғанда, барлық мүдделі қоғамдық топтардың талабын ескере отырып, реформаларды әрі қарай ілгерілетуде аса оңтайлы стратегия таңдауға мүмкіндік беретініне сенімдіміз.

Жанарған Парламент қоғамды топтастырып, дағдарысқа қарсы шешімді іс-қимыл үшін тиімді жалпыхұлттық тұғырнам қалыптастыруға мүмкіндік беретініне сеніміміз кәміл.

Жарлық қай жағынан да қолдауға лайық

«Қазақстанның Азаматтық альянсы» ЗТБ атынан осы бірлестіктің президенті Нұрлан Ерімбетов «Бесінші шақырылған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісін тарату және Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы» Жарлықты қолдайтынын мәлімдеді.

«Депутаттардың кезектен тыс сайлау өткізу туралы бастамасын Сіздің қолдауыңыз еліміздегі демократиялық үдерістер мен азаматтық қоғам институттарын одан әрі дамытуға кезекті мәрте серпін беретін болады. 2015 жылы Ұлт Жоспарын жүзеге асыру аясында институттық реформаларды жүргізу үшін қуатты заңнамалық арқау қалыптастырылды. Ол үкіметтік емес ұйымдардың барлық деңгейде мемлекеттік шешім дайындау мен қабылдау жұмыстарын ұйымдастыруға

қатысуына кең мүмкіндіктер ашады», деп атап көрсетіледі Н.Ерімбетовтің мәлімдемесінде.

Мәлімдемеде, сондай-ақ, аталған мүмкіндіктерді «Қазақстанның Азаматтық альянсы» Мемлекет басшысы ұсынған реформалар мен дағдарысқа қарсы шараларды жүзеге асыру барысын қоғамдық бақылау кезінде пайдалануға дайын екені атап көрсетіледі.

«Кезектен тыс сайлау өткізу туралы Сіздің шешіміңізді маңызды және уақтылы деп санаймыз және Қазақстан қоғамын жаңғырту жөніндегі барлық үдерістерде белсенді рөл атқаруға дайын екенімізді білдіреміз. Біз Мәжіліс пен барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының сайлаулары тұрақтылықты, азаматтық бірлік пен келісімді одан әрі нығайтуға оң ықпал ететініне сенімдіміз», делінген «Қазақстанның Азаматтық альянсы» президенті Н.Ерімбетовтің мәлімдемесінде.

«Жас Қыран» әскери-патриоттық бірлестіктерді дамыту орталығының Мемлекет басшысының Жарлығын қолдау туралы МӘЛІМДЕМЕСІ

«Жас Қыран» әскери-патриоттық бірлестіктерді дамыту орталығы» Елбасының Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің кезектен тыс сайлауын өткізу туралы бастамасын жан-жақты қолдайды.

Біз Мемлекет басшысына әлемдік дағдарыс қатерлерін табысты еңсеруге бағытталған реформалардың көрген де салмақты бағыты үшін ризашылық білдіреміз.

Сайлау өткізу туралы Жарлықтың уақтылығы еліміз үшін «100 нақты қадам» Ұлт Жоспары мен дағдарысқа қарсы реформаларды ілгерілетудің жаңа кезеңіне

байланысты баршаның жауапкершілігін айқындайды.

Кезектен тыс Парламент сайлауды реформалардың саяси тұғырнамасын өзекті етіп қана қоймай, жастардың дағдарысқа қарсы іс-қимыл жоспарларын талқылауға белсене қатысуларын қамтамасыз ететініне сеніміміз зор.

Алдағы сайлауды Қазақстанның барлық белсенді азаматтары қолдайтынына сенімдіміз, өйткені бұл биліктің сайланыбалы органдарын жаңартып, қоғамды топтастыруға және ел Парламентіндегі жұмысқа жаңа күштер тартуға қуатты серпін беретін болады.

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының «5-ші шақырылымдағы Парламент Мәжілісін тарату, сондай-ақ ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы» Жарлыққа байланысты МӘЛІМДЕМЕСІ

Біз, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы, Президенттің Мәжіліс депутаттарының кезектен тыс сайлауын өткізу туралы Жарлығын қуана қарсы алдық. Елбасымыз айқындап берген Қазақстанның көшбасшы елдердің қатарына ену тұрасындағы мақсаттары мен міндеттерін біз жауапкершілікпен жүзеге асыруымыз керек.

Біз әрдайым Отанымыздың әлемнің алпауыт елдерімен үзеңгі түйістірер деңгейге жеткенін мақтан етеміз.

Қазақстан әлемді күйзелткен геоэкономикалық, геосаяси жанжалдарға, табиғи апаттарға қарамастан, айқын мақсаттарға қарай ілгерілеу үстінде.

Сонымен қатар, бұл маңызды белестерді бағындыруда мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық әлеуеті зор септігін тигізуде.

Сондықтан, біз мемлекетімізді және Елбасымызды қастерлеп, табыстарына сүйсініп, жетістіктерімен рухтанамыз. Себебі, Президентіміз еліміздің іргесін нығайтып, халқымыздың бейбіт өмірін қамтамасыз етіп, қоғамның бірлігі мен келісімін сақтап келеді.

Осы орайда, біз Мәңгілік Ел болу жолындағы асқақ мақсаттар тұрғысынан нақты іске кірісу туралы бастамаға қолдау білдірген Жарлықтың дұрыс шешім екендігін мәлімдейміз және барша қазақстандықтарды Жарлықты жүзеге асыру аясында бірігуге шақырамыз.

«Қоғамдық даму орталығы» ҚҚ-ның ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын өткізу туралы Жарлықты қолдау бойынша МӘЛІМДЕМЕСІ

«Қоғамдық даму орталығы» Қоғамдық қорының мүшелері Мемлекет басшысына Парламент Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихаттардың кезектен тыс сайлауларын өткізу туралы қабылдаған шешіміне байланысты терең ризашылық сезімдерін білдіреді.

Біздің ұйымымыз қашанда мемлекеттік органдардың қызметін, азаматтық бастамаларды дамыту мен жергілікті қоғамдастықтардың белсенділігін бақылауды қамтамасыз ете отырып, Қазақстанның прогресс пен орнықты дамуына бағытталған шараларға қолдау көрсетіп келді және көрсете беретін болады.

Қазақстан Президенті жарияланған реформалардың жоғары рөлін түсіне отырып, біз Қазақстан қоғамы өмірінің барлық шешуші басымдықтарын кең ауқымды жаңғыртудағы жетекші стратегия ретінде

«100 нақты қадам» Ұлт Жоспарының міндеттерін жедел жүзеге асыру қажеттігін қолдаймыз.

Қазіргі кезеңде біз, тұтастай алғанда, мемлекетті дамыту үшін белгіленген мақсаттардың тиімді орындала бастағаны мен қағидатты жаңа құқықтық орта қалыптастырылуының куәгерлері болып отырмыз. Құрылған базис елдің басты басымдығы – Қазақстанның әлемдегі аса дамыған 30 елдің қатарына қосылуын жүзеге асырудың орнықты негізін қалыптастыруда екені анық.

Аталған жолда алдағы сайлаудың біріктіруші әлеуеті биліктің заң шығарушы тармағын күшейтуге ғана емес, сондай-ақ, Қазақстан үшін жаңа жағдайларда барлық қоғамдық күштерді топтастыруға мүмкіндік беретініне сенімдіміз.



ТІРЕГІМІЗ – ТӘУЕЛСІЗДІК,



Жаңарған Қазақстанның жаңа бағыты

Тілектес ЕСПОЛОВ,
Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры,
ҚР ҰҒА вице-президенті,
академик.

Еліміз Тәуелсіздік алған жылдардан бері талай сыйңдарлы белестерден өтіп, көптеген жетістіктерге жетті. Өркениетті мемлекеттермен тереземіз теңесті. Экономикамыз индустриялық-инновациялық бағытта өрістеп, халықтың әл-ауқаты жақсарды. Бір шаңырақ астына ұйысқан бірлік пен ынтымақтың арқасында кездескен қиындықтарды еңсеріп, дүниежүзінде орын алып отырған қаржылық-экономикалық дағдарыстарға да тойтарыс беріп келеміз. Әлемдік саяси аренада Қазақстан өзінің нақты орны мен беделін айқындады. Бұл жетістіктердің барлығы да ең алдымен Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың көреген саясатының табысты жемісі екені сөзсіз. Мемлекет басшысының жыл сайынғы Жолдауы, маңызды стратегиялық бағдарламалары мен ауқымды жобаларының барлығы да ел болашағын баянды етіп, экономикамызды өркендетуге бағытталған. Елбасының арқасында Қазақстан қысқа мерзімде дамыған 50 елдің қатарына еніп, ендігі кезекте өркениетті 30 мемлекеттің құрамына кіру мақсатында жаңарған Қазақстанның жаңа бағытын белгілеген Ұлт Жоспарын іске асырмқ.

Осы бағытта Елбасы «Қазақстан-2050» Стратегиясын, «Нұрлы Жол» бағдарламасын, 5 институттық реформа және «100 нақты қадам» Ұлт Жоспарын қабылдады. Мемлекет басшысы бұрнағы жылғы «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауында «Мәңгілік Ел» қағидасына айрықша көңіл бөлді. Қазақстан қоғамының болашаққа деген сенімін айқындап, қажырлы еңбек ете отырып, келешекті кемел ету жолында нақты тапсырмалар берді. Осының барлығы ел дамуының тұғырлы тірегі болып табылады. Инновациялық даму мен рухани өркендеудің жаңа бағытын ұсынып отырған Елбасы жуырда ғана «Ұлт Жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» еңбегін жариялап, аталған мәселелер төңірегінде терең талдаулар жасап, баршамызға ой салып, елдік мәселелерді шешуде бірлік пен білімнің ерекше маңыздылығын атап өтті.

Елбасының өткен жылдың соңына қарай халыққа арнаған Жолдауы әлемдік дағдарыс жағдайындағы Тәуелсіз мемлекестіміздің іс-қимылы мен айқын бағытын анықтап берген болатын. «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» тақырыбын кеңінен қамтыған бұл маңызды құжат – кезекті дағдарысты еңсерудің айқын жолы екені даусыз.

Үлкен мағынаға ие әрбір жаңа Жолдау – бұл, ең алдымен, егемен еліміздің жарқын болашағына бастар басты бағыт. Елбасы атап өткендей, Жолдаудың өзекті түйіні – Қазақстанды әлемдік қаржылық-экономикалық дағдарыстан алып

1) мазмұны мынадай мазмұндағы 434-1 және 488-1-баптардың тақырыптарымен толықтырылсын:

«434-1-бап. Жеке тұлғалардың спорттық және спорттық-бұқаралық, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізуді қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

«488-1-бап. Спорттық және спорттық-бұқаралық, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізуді ұйымдастыру тәртібін бұзу»;

2) мынадай мазмұндағы 434-1 және 488-1-баптармен толықтырылсын:

«434-1-бап. Жеке тұлғалардың спорттық және спорттық-бұқаралық, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларда жүріс-тұрыс қағидаларын бұзуы

1. Жеке тұлғалардың спорттық және спорттық-бұқаралық, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларда жүріс-тұрыс қағидаларын:

1) спорттық және спорттық-бұқаралық, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізілетін орындарда алкоголь өнімін, металл, шыны ыдыстағы өнімді, пиротехникалық бұйымдарды және пайдаланылуы адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіруі не жеке және заңды тұлғаларға материалдық нұқсан келтіруі мүмкін өзге де заттарды алып кіру;

2) спорттық және спорттық-бұқаралық, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізілетін уақытта әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық алауыздықты қоздыруға бағытталған, сол сияқты жеке тұлғалардың құқықтарын кемсітетін плакаттарды, эмблемаларды, транспаранттарды және өзге де көрінетін заттарды пайдалану түрінде бұзуды, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, –

жеке тұлғаларға жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталан жасалған әрекет –

жеке тұлғаларға қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

«488-1-бап. Спорттық және спорттық-бұқаралық, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізуді ұйымдастыру тәртібін бұзу

1. Спорттық және спорттық-бұқаралық, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізуді ұйымдастыру тәртібін бұзғандықтары үшін органдарға мәдениет туралы және дене шынықтыру және спорт туралы заңнамда көзделген ақпаратты бермеу немесе уақтылы бермеу туралы бұзу –

жеке тұлғаларға – жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, заңды тұлғаларға әу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталан жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) –

жеке тұлғаларға – қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, заңды тұлғаларға жұл айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

3) 685-бапта:

бірінші бөлік «433 (бірінші бөлігінде),» деген сөздерден кейін «434-1,» деген цифрлармен толықтырылсын;

екінші бөліктің 2) тармақшасы «433 (бірінші бөлігінде),» деген сөздерден кейін «434-1,» деген цифрлармен толықтырылсын;

4) 729-баптың бірінші бөлігі «464 (бірінші бөлігінде),» деген сөздерден кейін «488-1,» деген цифрлармен толықтырылсын.

2. «Мәдениет туралы» 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., №24, 147-құжат; 2008 ж., №23, 124-құжат; 2010 ж., №5, 23-құжат; №10, 49-құжат; №15, 71-құжат; №24, 149-құжат; 2011 ж., №5, 43-құжат; №11, 102-құжат; 2012 ж., №2, 13-құжат; №3, 25-құжат; №15, 97-құжат; 2013 ж., №9, 51-құжат; №14, 75-құжат; 2014 ж., №1, 4-құжат; №10, 52-құжат; №19-1, 19-ІІ, 96-құжат; 2015 ж., №10, 50-құжат; №19-ІІ, 105-құжат; 2015 жылғы 18 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қайырымдылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы);

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 13-2), 13-3), 13-4) және 13-5) тармақшалармен толықтырылсын:

«13-2) ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шаралар – халыққа музыкалық-эстетикалық тәрбие беруге, оның рухани және эстетикалық сұраныстарын қанағаттандыруға бағытталған, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізуге арналған орындарда өткізілетін, осы іс-шараларда екі жүз және одан көп көрерменнің бір мезгілде болуы көзделетін іс-шаралар;

13-3) ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізуге арналған орындар – ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізуге ыңғайластырылған объектілер мен құрылыстар, сондай-ақ осы мақсаттар үшін арнайы жасалмаған өзге де орындар (стадиондар, спорт сарайлары, ипподромдар, демалыс аймақтары, саябақтар, гүлзарлар, алаңдар, көшелер);

13-4) ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізілетін уақыт – ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізілетін орындарға алғашқы көрермен кірген (келген) кезден бастап іс-шаралар аяқталғанға және осы орындардан соңғы көрермен шыққанға (кеткенге) дейінгі уақыт;

13-5) ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараны ұйымдастырушы – бастамасы бойынша ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шара өткізілетін жеке немесе заңды тұлға;

2) 9-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«9-1-бап. Ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізуді ұйымдастыру тәртібі

1. Ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізуге

арналған орындар санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға және өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келуге тиіс.

2. Спорттық және спорттық-бұқаралық, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізуге қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық ішкі істер органдары мен мәдениет, дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органның бірлескен бұйрығымен бекітіледі.

3. Ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізуге үшін жергілікті атқарушы органдар ұйымдастыру комитеттерін құрады, олар осы іс-шараларды дайындауға және өткізуге қатыстырылған ұйымдардың қызметін үйлестіреді.

4. Жеке тұлғалар мен қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді күрделендіретін құрылыстарды, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізуге арналған орындарды пайдалану және өрт қауіпсіздігі қағидаларының талаптары, оның ішінде мінберлердің тіреуіш конструкцияларының ескіруі, мінбер астындағы үй-жайларда жанытын қауіпті заттар мен материалдардың орналастырылуы, авариялық жарық берудің және эвакуациялау жолдарының болмауы, өртке қарсы қорғану құралдарының болмауы немесе олардың ақаулы болуы бөлігінде бұзушылықтар, сондай-ақ өрттің туындауына әкеп соғуы мүмкін электр жабдығын монтаждау және пайдалану қағидаларын, санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізілетін орындарда қатысушылар мен көрермендердің қауіпсіздік жағдайларын бұзушылықтар анықталған жағдайда, ішкі істер органдары не халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган енгізетін ұсыны бойынша жергілікті атқарушы органдар қауіпсіздік жағдайларын анықталған бұзушылықтары жойылғанға дейін осындай іс-шараларды өткізуге тыйым салады.

5. Ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастырушылар:

1) жеке тұлғалардың қауіпсіздігі, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізуге арналған орындардың, оның ішінде олардағы мүлкінің сақталуы үшін жағдайлар жасауға, сондай-ақ ішкі істер органдарына қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуде жәрдемдесуге;

2) ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізілетін орындармен шекаралас аумақтың абаттандырылуы бұзылған жағдайда, оны қалпына келтіруді қамтамасыз етуге;

3) іс-шара өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күнінен кешіктірмей – көрермендердің болжалды саны туралы, күнтізбелік бір күн бұрын – сатылған билеттердің, берілген рұқсаттамалардың, оның ішінде көлік құралдарының, сондай-ақ ішкі істер және денсаулық сақтау органдарының арнаулы техникасына, мүгедектердің көлік құралдарына арналған тұрақ орындарының саны туралы жергілікті атқарушы органдарға ақпарат беруге;

4) ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізілетін орындарда көрермендердің жүріс-тұрыс қағидаларын орналастыруға міндетті.

6. Ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізуге кезінде жеке және заңды тұлғаларға келтірілген зиян Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес өтеледі.;

3) 11-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«11-бап. Жеке тұлғалардың мәдениет саласындағы құқықтары мен міндеттері

1. Жеке тұлғалардың ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізілетін кезде әртүрлі нышанды және жеке-дара пікірін жария білдіруді Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де құралдарын пайдалануға құқығы бар.

2. Жеке тұлғалар:

1) Қазақстан Республикасының мәдениет саласындағы заңнамасының талаптарын сақтауға;

2) мәдени құндылықтарды сақтауға қамқорлық жасауға;

3) қазақ халқының және этностық топтардың ұлттық мәдениетін, әдет-ғұрыптарын, дәстүрлерін, мемлекеттік тілді және басқа да тілдерді құрметтеуге;

4) ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шаралар және мәдениет саласындағы өзге де іс-шаралар өткізілетін орындарда қоғамдық тәртіпті сақтауға;

5) ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізілетін орындарда қоғамдық тәртіпті бұзуда арандататын әрекеттерге қол бермеуге, айналдауларға қауіп туғызатын құқыққа қарсы акциялар жасамауға міндетті.

3. Жеке тұлғаларға:

1) ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізілетін орындарға алкоголь өнімін, металл, шыны ыдыстағы өнімді, пиротехникалық бұйымдарды және пайдаланылуы адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіруі не жеке және заңды тұлғаларға материалдық нұқсан келтіруі мүмкін өзге де заттарды алып кіруге;

2) ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізілетін уақытта сахналарға, ареналарға, төсеніштерге, оркестр үраларына, сондай-ақ көрермендер орналасқан орындарға адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін кез келген заттарды лақтыруға;

3) ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізілетін уақытта шабақтар мен қоршаулардың, турникеттердің шегінен өз бетімен шығуға;

4) ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізілетін уақытта әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық алауыздықты қоздыруға бағытталған, сол сияқты жеке тұлғалардың құқықтарын кемсітетін плакаттарды, эмблемаларды, транспаранттарды және өзге де көрінетін заттарды пайдалануға тыйым салынады.»

3. «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы»

2010 жылғы 24 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., №12, 60-құжат; 2011 ж., №1, 2-құжат; №11, 102-құжат; 2012 ж., №2, 11, 14-құжаттар; №3, 21-құжат; №4, 30-құжат; №6, 46-құжат; №8, 64-құжат; №11, 80-құжат; №15, 97-құжат; №23-24, 125-құжат; 2013 ж., №9, 51-құжат; №14, 75-құжат; №15, 81-құжат; 2014 ж., №4-5, 24-құжат; №7, 37-құжат; №10, 52-құжат; №19-1, 19-ІІ, 96-құжат; №21, 122-құжат; №23, 143-құжат; №24, 145-құжат; 2015 ж., №8, 45-құжат; №11, 52, 57-құжаттар; №19-ІІ, 102-құжат; №20-IV, 113-құжат);

76-баптың 1-тармағының 12-1) тармақшасында: бірінші бөлік «көрсетілетін қызметтерді,» деген сөздерден кейін «және (немесе) «Инновациялық технологиялар паркі» инновациялық кластеріне қатысушылардың жоқаларын деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлік «әжiрiбелiк-конструкторлық жұмыстарды» деген сөздерден кейін «және (немесе) «Инновациялық технологиялар паркі» инновациялық кластері қатысушыларының жоқаларын» деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші бөлік мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

«Инновациялық технологиялар паркі» инновациялық кластері туралы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дербес кластерлік қорға ақша жіберу де «Инновациялық технологиялар паркі» инновациялық кластеріне қатысушылардың жоқаларын қаржыландыру жөніндегі міндеттемелерді орындау деп танылады.»

4. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы);

13-баптың 1-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдарға, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға (өз қызметін тұрақты емес немесе басқа жұмыстан босатылған негізде жүзеге асыратын мемлекеттік депутаттары қоспағанда), мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға тендерілетін адамдарға (Қазақстан Республикасының Президентінің, Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе мәслихаттарының депутаттарына, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдігіне, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқаруды сайлаушылар органдарына мүшелікке кандидаттарды, қызмекеттік сектор субъектілерінде қызметін жүзеге асыратын адамдарды қоспағанда), лауазымды адамдарға.»

5. «Дене шынықтыру және спорт туралы» 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., №14, 85-құжат; №19-1, 19-ІІ, 96-құжат; 2015 ж., №10, 50-құжат; №20-IV, 113-құжат; 2015 жылғы 18 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қайырымдылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы);

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 40-1), 41-1), 41-2) және 41-3) тармақшалармен толықтырылсын:

«40-1) спорттық-бұқаралық іс-шаралар – адамның дене бітімін және зияткерлік қабілеттерін дамытуға, саламатты өмір салтын насихаттауға бағытталған, спорт құрылыстары мен объектілерінде, сондай-ақ спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізуге арналған ашық жерлерде өткізілетін, осы іс-шараларда екі жүз және одан көп көрерменнің бір мезгілде болуы көзделетін іс-шаралар;»

«41-1) спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізуге арналған орындар – спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізуге ыңғайластырылған объектілер мен құрылыстар, сондай-ақ осы мақсаттар үшін арнайы жасалмаған өзге де орындар (демалыс аймақтары, ипподромдар, ширктер, саябақтар, гүлзарлар, алаңдар, көшелер);

41-2) спорттық-бұқаралық іс-шаралар өткізілетін уақыт – спорттық-бұқаралық іс-шаралар өткізілетін орындарға алғашқы көрермен кірген (келген) кезден бастап іс-шаралар аяқталғанға және осы орындардан соңғы көрермен шыққанға (кеткенге) дейінгі уақыт;

41-3) спорттық-бұқаралық іс-шараны ұйымдастырушы – бастамасы бойынша спорттық-бұқаралық іс-шара өткізілетін жеке немесе заңды тұлға;

2) 5-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«5-бап. Жеке тұлғалардың дене шынықтыру және спорт саласындағы құқықтары мен міндеттері

1. Жеке тұлғалардың:

1) дене шынықтырумен және спортпен айналысуға;

2) дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық бағыттағы қоғамдық бірлестіктерге кіруге;

3) спорттық және спорттық-бұқаралық іс-шараларға қатысуға;

4) мемлекеттік және жеке спорт құрылыстары мен көрсетілетін қызметтерді пайдалануға;

5) спорттық және спорттық-бұқаралық іс-шаралар өткізілетін кезде әртүрлі нышанды және жеке-дара пікірін жария білдіруді Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де құралдарын пайдалануға құқығы бар.

2. Жеке тұлғалар:

1) спорттық және спорттық-бұқаралық іс-шаралар өткізілетін орындарда қоғамдық тәртіпті сақтауға;

2) спорттық және спорттық-бұқаралық іс-шаралар өткізілетін орындарда қоғамдық тәртіпті бұзуда арандататын әрекеттерге қол бермеуге, айналдауларға қауіп туғызатын құқыққа қарсы акциялар жасамауға міндетті.

3. Жеке тұлғаларға:

1) спорттық және спорттық-бұқаралық іс-шаралар өткізілетін орындарға алкоголь өнімін, металл, шыны ыдыстағы өнімді, пиротехникалық бұйымдарды және пайдаланылуы адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіруі не жеке және заңды тұлғаларға материалдық нұқсан келтіруі мүмкін өзге де заттарды алып кіруге;

2) спорттық және спорттық-бұқаралық іс-шаралар өткізілетін уақытта мінберлерге, футбол, хоккей және өзге де спорт алаңдарына адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін кез келген заттарды лақтыруға;

3) спорттық және спорттық-бұқаралық іс-шаралар өткізілетін уақытта шабақтар мен қоршаулардың, турникеттердің шегінен өз бетімен шығуға;

4) спорттық және спорттық-бұқаралық іс-шаралар өткізілетін уақытта әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық алауыздықты қоздыруға бағытталған, сол сияқты жеке тұлғалардың құқықтарын кемсітетін плакаттарды, эмблемаларды, транспаранттарды және өзге де көрінетін заттарды пайдалан

Әлемдегі 70 ел

ресми түрде ЭКСПО-2017 көрмесіне қатысатындығын растады



Тараптар «жасыл энергетика» саласында одан әрі ынтымақтасудың келешегі жөнінде пікір алмасып, Латвияның Астана көрмесіне қатысуының мәселелерін талқылады. Р.Жошыбаев Қазақстанның көрмеге дайындық шеңберіндегі атқарылып жатқан

жұмысы туралы хабарлап, латвиялық тараптың ЭКСПО-2017 көрмесіне қатысуы Қазақстан мен Латвия арасындағы ынтымақтастыққа жаңа серпін беретінін атап өтті. Өзі тарапынан Ю.Погребняк Латвия үкіметінің ЭКСПО-2017 көрмесіне ресми түрде қатысатындығын растайтын нотаны табыстады. Оның айтуынша, Латвия Халықаралық көрме бюросына мүше емес елдердің қатарында және бірнеше рет ЭКСПО көрмесінің қатысушысы болған. ЭКСПО-2017 көрмесіне қатысуын растауы Латвияның Қазақстанға деген жоғары қызығушылығын және ерекше достық қатынастарын көрсетеді. Латвия 2020 жылға дейін ең «жасыл» мемлекет болуға ұмтылыс жасап отырған елдердің бірі және кездесу барысында Қазақстанмен «жасыл энергетика» саласында ынтымақтасуға дайын екенін білдірді. Латвия Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Жасыл көпір» бағдарламасын даярлау бастамасын қолдаған алғашқы мемлекеттердің бірі және осы бағдарлама бойынша Хартияға қол қойды. Сонымен, бүгінгі күні Латвия 70-ші мемлекет болып ресми түрде ЭКСПО-2017 көрмесіне қатысатындығын растады.

«Егемен-ақпарат».

Давоста қол жеткен келісім

Швейцария Астанада өткізілетін Халықаралық мамандандырылған ЭКСПО-2017 көрмесіне қатысу келісімшартына ресми түрде қол қойды. Бұл туралы Давос қаласында жыл сайынғы өткізілетін Бүкіләлемдік экономикалық форум аясында белгілі болды.

Келісімшартқа «Астана ЭКСПО-2017» ұлттық компаниясы» АҚ-тың басқарма төрағасы Ахметжан Есімов пен Швейцария Конфедерациясының секция комиссары Мануэль Салхи қол қойды. «Швейцарияның осы бір маңызды шараға қатысатындығына біз өте қуаныштымыз. Швейцария баламалы қуат көздерін белсенді пайдаланатын мемлекеттердің бірі. Оның үстіне, бүгінгі таңда климаттың өзгеруі орын алып жатыр. Сондықтан біз тек энергетика тақырыбын ғана емес, оның қоршаған ортаға ықпалы мәселесін де көтеретін боламыз», – деді өз сөзінде ұлттық компания басшысы А.Есімов.

«ЭКСПО – бұл Швейцария үшін энергоүнемділік пен жасыл технологиялар саласында атқарған жұмысын әлемге паш ететін



үлкен мүмкіндік. ЭКСПО-2017 көрмесінің «Болашақ энергиясы» атты тақырыбы уақтылы әрі маңызды. Дүниежүзі бойынша

энерготімділік пен баламалы энергия көздерін дамыту мәселелері ерекше өзекті. Бұл ретте, Швейцарияның әлемге

көрсетері көп», – деді Швейцария Конфедерациясының секция комиссары Мануэль Салхи.

Осы келісімшарт арқылы Швейцария ЭКСПО-2017 көрмесіндегі павильондардың бірін тандап алып, оның қайда орналасатындығын анықтады. Ендігі уақытта швейцариялықтар павильондарының ішкі мазмұны бойынша жұмыс атқаратын болады.

Сонымен қатар, Астана ЭКСПО-2017 Давос қаласында ақпараттық шаралар науқанын жүргізіп жатыр. Автобустар мен отельдер көрме логотипімен безендіріліп, Циюрих қаласының әуежайында арнайы көрме туралы бейнеролик көрсетіледі.

Айта кету керек, бүгінгі таңда 70 мемлекет пен 13 халықаралық ұйым Астанада өтетін ЭКСПО көрмесіне қатысатындығын ресми растады.

Ұлан САНЖАР.

Құқықтық дәрістеме өткізіді

Бақберген АМАЛБЕК, «Егемен Қазақстан».

Ақмола облыстық әділет департаменті Мағжан Жұмабаев атындағы облыстық ғылыми әмбебап кітапханасымен бірлесіп, Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Жолдауы бойынша құқықтық дәрістеме өткізді.

Шара барысында әділет департаментінің атқару өндірісін қамтамасыз ету басқармасының басшысы Манар Байғожина Жанаидар Мусин атындағы Көкшетау қазақ педагогикалық колледжі мен гуманитарлық-техникалық лицей шәкірттеріне Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «100 нақты қадам» Ұлт Жоспары мен 2015 жылдың 30 қарашасында халыққа арнаған «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» Жолдауын кеңінен түсіндіріп өтті. Сонымен қатар, елімізде осы жоспарды іске асыру мақсатында бірқатар жаңа заңдардың қабылданғанына, жыл аяғына дейін тағы

басқа да заңнамалық актілерге өзгерістер енгізу көзделіп отырғанына тоқталды.

Пікір алмасу кезінде Жанаидар Мусин атындағы Көкшетау қазақ педагогикалық колледжінің оқушылары Фариза Еншілес пен Лашын Аманбек 2017 жылдан бастап жастардың тегін кәсіптік білім алатынына, жас буынның жұмысшы мамандықтарын меңгеруі қажеттігіне қолдау білдіріп, өздерінің болашақ туралы ойларын ортаға салды. Оқу орнында сайлауға дайындық шарасы барысында тұңғыш дауыс берушілер тізімін әзірленгені, оларға зор жауапкершілік артылатыны да айтылды.

Облыстық кітапхана жанынан құрылған «Серпер» клубының төрағасы Бақытберді Қуатхан замандастарын Жолдаудағы міндеттерді бірлесіп жүзеге асыруға белсене араласуға шақырса, кітапхана қызметкерлері дайындаған «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» көрмесінен де көпшілік келелі ой түйді.

Ақмола облысы.

«Аққұм» – ең үздік бастауыш ұйым

Оралхан ДӘУІТ, «Егемен Қазақстан».

Бастауыш партия ұйымдары бүгінде «Нұр Отан» партиясының негізгі тірегіне, шынайы күшіне айналды десек артық қуаныш емес. Сондықтан болса керек, өткен жылды партия бастауыш партия ұйымының жылы деп жариялап, осының аясында көптеген жұмыстар атқарылды. Солардың бірі – «Үздік бастауыш партия ұйымы» байқауы. Шараның басты мақсаты – еліміз бойынша үздік бастауыш партия ұйымын анықтау және олардың жұмыс тәжірибесін елдің барлық аймақтарында тарату, партиялық және сайланбалы қызметтерге ұсыну, білікті және белсенді бастауыш партия ұйымы төрағаларынан партиялық кадрлардың резервін қалыптастыру және қоғамдық қабылдаулар жұмысын жетілдіру мен партия қызметіне қоғамдастықтың назарын аудару.

«Нұр Отан» партиясы Жамбыл облыстық филиалында 399 бастауыш партия ұйымы бар. Солардың арасынан 30 бастауыш партия ұйымы іріктеліп, облыстық байқауда

бақ сынады. Содан аса шыққан 3 жеңімпаз ұйым республикалық сайысқа жолдама алған болатын. Республикалық байқауға 5000-нан астам БПҰ қатысып, оның ішінде 16 БПҰ іріктеп алынды. Олардың қатарынан Жамбыл облысы, Талас ауданының «Аққұм» бастауыш партия ұйымы да көрінді. Байқау қорытындысы бойынша аталған бастауыш партия ұйымы «Үздік бастауыш партия ұйымы» аталымы бойынша бірінші орынды иеленді. Ұйымның жетекшісі – «Телебай» шаруа қожалығының төрағасы Арқабек Төлебаев.

Республикалық долада мерейі үстем болған бастауыш партия ұйымы «Нұр Отан» партиясы Төрағасының бірінші орынбасары Асқар Мырзахметовтің қолынан «Ең үздік бастауыш партия ұйымы» дипломы мен 700000 теңге қаржылай сыйлық алды. Бұл марапаттың партия облыстық филиалының беделін арттырумен қатар, «Аққұм» бастауыш партия ұйымының да белсенді жұмысын өзгелерге үлгі етері даусыз.

Жамбыл облысы.

Қос тарапты оқыту – өміршен

Апта соңында Орталық коммуникациялар қызметінде қос тарапты дуалды оқытуды енгізу мәселелері бойынша брифинг өткізілді. Брифингте Білім және ғылым вице-министрі Есенғазы Иманғалиев, сондай-ақ, белсенді дуалды оқыту енгізіліп отырған колледж өкілдері және олардың әріптестері қатысты. Баспасөз мәслихаты барысында еңбек нарығына білікті кадрларды даярлаудың маңыздылығына мән берілді.

Рауан ҚАЙДАР, «Егемен Қазақстан».

– 2012 жылдан бастап Қазақстанда дуалды оқыту енгізілгені белгілі. Бұл үшін жаңа Еңбек кодексіне «дуалды оқыту», «дүалды оқыту бойынша келісім», «дүалды оқыту және «дуалды оқыту» ұғымдары және «дуалды оқыту» ұғымы жаңа бап енгізілді. «Білім туралы» Қазақстан Республикасы

Заңының ұғымдық аппаратына, Білім және ғылым министрлігінің, жергілікті атқарушы органдардың құзыреттеріне, білім беру практикасына 60 пайыз өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Қазіргі уақытта дуалды оқыту элементтері 348 колледжде енгізілді (2013 жылы – 176 колледж, 2014 жылы – 280 колледж), 1718 кәсіпорынмен 22223

● Көрме

Шегеленген шежіре

Жақында Ұлттық музейде «Тарихи фотосуреттер» байқауының жеңімпаздарына марапаттау рәсімі өтті.

Назарбаев Университеттің әкімшілік қызметкері, аусеттік фотограф Қанат Нұртазинге – «Қазақ хандығының 550 жылдығы», Петропавл қаласындағы «Солтүстік Қазақстан» баспаханасының фототілшісі Вадим Мударисовке – «Ұлы Жеңістің 70 жылдығы», «Отүстікфильм» мемлекеттік мекемесі директорының орынбасары, кәсіптік фотограф Мақсат Шағырбаевқа «Конституцияның 20 жылдығы» және «Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы» аталымдары бойынша жүлделер табысталды.

Еске сала кетейік, өткен жылдың ақпан айынан бастау алған фотосуретшілер байқауы осы аралықта 300-ден астам тұлғаның сарапқа сала келіп, Қазақстанның өткен тарихы мен Ұлы Дала көшін көркем бейнеде баяндайтын өнердің сирек түрі арқылы тағылымды жобаны алға оздырды. Үздік үштіктің 21 қаңтар мен 21 ақпан аралығындағы фотосежіресі



қазақ тарихының аса маңызды оқиғаларына қоғам назарын айрықша аударуымен тұшымды.

Басты мақсат – ол арқылы жас ұрпақтың бойына туған елдің болашағы мен төл тарихына деген құрмет сезімін қалыптастыру болып табылады. Жобаның ерекшелігі, байқауға танымал 27 фотограф өз жұмысын ұсынған болатын. Бәйгеңің тағы бір қыры, оған кәсіби және әуесқой фотографтардың қатысуына бірдей мүмкіндіктер туғызылды. Бірінші турда тұлғалардың ережеге сай келуі мен кәсіби тұрғыдан орындалу жағы есепке

Елорда кәсіпорындарында ілгерілеушілік байқалады



Кеше Инвестициялар және даму министрі Әсет Исекешев пен Астана қаласының әкімі Әділбек Жақсыбеков елордадағы өндірістік кәсіпорындар жұмысының жағдайымен танысты.

Алкогольсіз сусындар өндіретін «Кока-Кола Алматы Боттлерс» ЖШС, шыны өңдейтін «КСС-Астана» ЖШС, сауда-өндірістік автоматтандырылған кешені «KazTexExpo» ЖШС, жоғары технологиялы электронды-оптикалық жабдықтар шығаратын «Қазақстан ASELSAN инженеринг» ЖШС және басқа да кәсіпорындар мысалында мемлекеттік индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының жобаларын табысты жүзеге асыру сәттері көрсетілді. Қалыптасқан күрделі экономикалық жағдайға қарамастан барлық кәсіпорындар жұмысын жалғастырып қана қоймай, сонымен бірге, жемісті заманауи технологиялар мен ең жаңа талдамаларды қолдана және тұрғындарды жұмыс орындарымен қамтамасыз ете отырып, өзінің өндірісі мен өткізу рыногын ұлғайтуды жоспарлап отыр. Сол арқылы салықтық түсімдер де бюджетке тұрақты түседі.

Инвестициялар және даму министрі мен Астана әкімі жоғары технологиялы электронды-оптикалық жабдықтар шығаратын

«Қазақстан ASELSAN инженеринг» ЖШС кәсіпорнында болды. Мұнда тепловизорлар, оптикалық жүйелер, линзалар шығарылады. Жоба Қазақстанның Қарулы Күштері мен басқа да ведомстволарын қажетті оптроникамен қамтамасыз ету үшін жүзеге асырылып отыр. Кәсіпорында 129 жұмыс орны құрылған. Осында шығарылатын электронды-оптикалық жабдықтарды, түнгі көру құралдарын зауыт Қазақстанның, Түркияның, Үндістанның, Қытайдың, ТМД-ның бірқатар еліне шығарады.

Сол сияқты Индустриялық парк аймағында әлемдік өндірушілердің қазіргі заманғы автоматтандырылған жабдықтарымен жарақтанған шыны өңдеу жөніндегі зауыт та орналасқан. Зауыттың өндірістік мүмкіндіктері Қазақстанның құрылыс рыногын энергия үнемдейтін қауіпсіз шыны өнімдерімен қамтамасыз етуге, құрылыста жаңа архитекторлық шешімдерді пайдалануға жағдай жасайды. Қазіргі уақытта зауыт өнімдері Астананың құрылыс нысандарында пайдаланылуда.

«Егемен-ақпарат».

Түркі елдері арасындағы үздік ЖОО атанды

Түркі халықтарының халықаралық конгресі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне «Түркі елдері арасындағы үздік ЖОО» атағы берді. Бұл жаңалықты Түркі халықтары халықаралық конгресінің президенті Яхья Юсифоглы Алиев университет ұжымымен кездесу барысында мәлім етті.

Гүлзәйнеп СӘДІРҚЫЗЫ, «Егемен Қазақстан».

Әлемнің алты академиясының академигі, Түркі халықтары халықаралық конгресінің президенті, доктор Яхья Алиев бұл шешім 47 Түркі халықтары мен ұлыстарын біріктіріп отырған халықаралық конгресінің 2015 жылы желтоқсан айында өткен отырысында бірауыздан мақұлдағанын айтты. Содан соң ол ҚазҰУ ректоры, академик Ғалым Мұтановты «Түркі әлеміне сіңірген еңбегі үшін» алтын төсбелісімен марапаттады.

«Мен әлемнің көптеген үздік университеттерінде болдым. Бірақ, тек ҚазҰУ қайта құрылу ауқымдылығымен және әлемдік рейтингте азғана уақыттың ішінде айтарлықтай жоғары көрсеткішке қол жеткізуімен таңғалдырады. Қазақстандық университеттің жоғары көрсеткішке қол жеткізгені мемлекет тарапынан адами капиталды дамытуға айтарлықтай көңіл бөлініп отырғандығынан көрсеткіші және болашаққа салынған инвестиция деп қарастыруға болады. Өскелең ұрпақтың болашағына қамқорлық танытудың бірден-бір үлгісі ғылым мен білімге көп көңіл бөліп жүрген әлемдік көшбасшылардың бірі, Қазақстанның Президенті Н.Назарбаев», – деді Яхья Алиев. ҚазҰУ-дың үздік университеттер қатарында екенін QS World University Rankings халықаралық рейтинг нәтижелерінен байқауға болатынын атап өткен жөн. Университеттің халықаралық рейтингте 275-ші орында тұрса, ал түркі елдері арасында бұл рейтингте бірінші болып, көш бастап тұр.

Қаршыға КҮЛЕН.

АЛМАТЫ.

• Зерде

ТОҒАННҢЫ інісі Есен ханның тұсында ойраттар өрлеу дәуірін бастан кешті. Ол Шыңғыс әулетінің соңғы ханы Дәуді ханды өлтіріп, бүкіл моңғолға тұтас билік құрды. «Токаш тойынан» соң айырылған империяның басын қайта қосты. Шүршіттерді жаулап алды. Содан кейін қытай императоры Ин-цзунды – Чжу-цзиенді (1436-1450 жж. тақ иесі) тұтқында алып, басқа патшаны таққа отырғызды. Бірақ, қайырсыз келген билік – қайырсыз ажалға алып келді. Шүршіт (мәнжу) пен қытай империясын тітіренткен, «батыста – Зайсан көлі мен Қарашар кентін, шығыста – Қанғай тауының батыс етегін, оңтүстікте – Тұрфан, Хами, Баркөл көлін, солтүстікте – «Ертістің жоғарғы ағысы мен Енисейдің арасын атажұрт еткен, қазақтармен, қырғыздармен шекараласқан» (И.Я.Златкин) Есен хан өзінің ойраттарының ішіндегі ұсақ ұлыстан жеңіліп, дала безіп кетті. Қанғып жүрген кезінде қолға түсіп, қашқынның көбін кешіп өлді.

Міне, «алтын ұрықтың жиендері» қонтайшылар осылай хан тағына көтеріліп, заңды мұрагер атанды. Ендігі кезекте Самур ханшайымның немересі Есентайшы 1453 жылы таққа отырды. Шеше жағынан тікелей Құбылайдың жиені, жиеншарлары болғандықтан да, таққа қонтайшылардың отыруы, не тақтан дәмәтуі толықтай орынды деп табылды. Ойраттың төрт тайпасының бірі шоростан шыққан Тоған мен Есен тайшылар кейіннен көшпелілердің соңғы империясының – Жоңғар хандығының негізін қалаған «алтын ұрық» деп табылды.

Міне, біз түп тамырынан тектеп келе жатқан, әфсана басында «санда – санаты, елдігі – есте жоқ жоңғарлар қайдан шыға келді?» деп сауал қойған «ата жауымыздың» тарих алаңына шығу қосығы осындай. Әрине, олар Тоған тайшы мен Есентайшының тұсында ұлы жоңғар емес, жай ғана қонтайшы – қан тамшы – жиен ғана болатын. Оларды қатардағы қонтайшыдан жоңғар ханы еткен, ойдағы ойраттың басын төрге – билікке шығарып, Жоңғар хандығын құрып берген тағы да «кекті бесіктің» иесі – қыз, шорос қызы, Тоған мен Есеннің қарындасы, «рух патшалығы» Тибетті басқарған кекті билік иесі, Теміршинсан ноянның қызы – Мандухай еді. Сондықтан да, Мандухай әрі «алтын ұрықтың», әрі «қасиетті рухтың» ханшасы ретінде Құбылайдың немересі Мендігүлға (1463-1467 жж. тақ иесі) ұзатылады. «Шонмұрын Мендігүл ханның төсек тойы кезінде сіреспесі ұстап қалатындықтан да, онымен (Мандухаймен) қосылыса алмапты» («Алтын топшы»). Мендігүлдың өзін де таққа отырғызған ойрат көсемі Бегерсін-тайшы болғандықтан да, апалы-сіңлі Жүккен мен Мандухайдан бас тарта алмайды. Хандықтын басқа тұқымаға, не ойраттарға ауып кетуінен сәскенген Мендігүл – өзінің орнын шөбересі Баян-Мөңкеге аманаттайды (1467).

Тағдырдың тосын тәлкегі деген осы, Қазақ хандығы құрылған жылы Баян-Мөңке, хандық ныспысы – Болқы-жан да таққа мұрагерлік етті. Бұл да Мендігүлдың қатынын тартып алмақ болғанда, пигылы жария боп, қуғынға ұшырайды. Мендігүл да дүние салады. Баян-Мөңке қанғып жүріп қарақшылардың қолынан өлім құшады.

Сөйтіп, ұлы Шыңғыс империясы мұрагерсіз қалды! Бұл қағанаттың қара шаңырағының күйреуі деген сөз! Тіпті, Жошы, Шағатай, Үгедей ұлыстары да мұрагерлікпен дөме етпеді. Оның есесіне Мин (қытай) мен Түркістан әміршілері қоз суғын қадады. Соның ішінде, Қазақ хандығы да қанатын Шығыс Түркістанға қарай жайып келе жатты. Демек, қазақ пен жоңғар хандығы қатар тұяқтанып, бір-біріне бетпе-бет бағытта шенгелін жая қозғалады. Араларын бағы тая бастаған Шағатай ұлысының жұқа ғана шымдылығы бөліп тұрды.

«Қара шаңырақ» ортасына түсе шайқалғанда, шонмұрын, сіресіпе Мендігүлдың базасы қалған жесір ханымы, шорос қызы Мандухай бар тізгінді қолына алды. Қағанатты қарс айырып қаһарын төкті. Мандухайдың мысынан ыққан Мин патшасы: қытай патшалығын мойындасан, қауіпсіз, қамсыз өмір сүруіне кепілдік береміз деп мәлімдей хат жолдады. Бірақ, Мандухай жесір: «Мен байсыз қалсам да, қара шаңырақ қағансыз қалмаспын. Қағанатты – байлыққа айыр-бастамаймын» деген мазмұнда уәж айтты. Сөйтіп, Шыңғыс империясының басын жұтқан әйел емес, қағанатты екінші рет тізесінен тік тұрғызған «қатын» – императрица атануды қадады. Сол үшін бүкіл қағанатқа жаушы жіберіп, Шыңғыс әулетіне тисілі тұқымды іздетті: «Сол тұқымның таққа отыруына бар күшімді жұмсаймын» – деп салауат айтты.

Іздегені – табылды. Бірақ, күткені ол емес еді. Кілтипан мынада: табылған тұқымның жасы бес-алты мөлшерінде ғана еді. Бай боп та, хан болып та жарытпайтын, тағдыры – түл, жасы – кенже, өзі жетім Бату-Мөңке – Мандухайды, не оның әпкесі Жөнкені Мендігүлдан тартып алмақшы болып қашқына айналған Баян-Мөңкенің ұлы болып шықты. Бату-Мөңке бір жасқа толғанда Қашкардың Хами өлкесінің Исма-Тайшысы шабындыға түсіріп, Шығыр-жананды

емшектегі ұлымен қосып алып кетіпті. Шығыр-жананды қатын етіп, кішкене сәбиді Бакай деген біреуге асырауға береді. Өгей әке баланың өкпесін өкпеге толтырған. «Асқазаны ас қорытпайтын, терісін теңбіл теміреткі басқан» жетім Бату-Мөңкенің мүшкіл жағдайын естіген Мандухай астыртын жаушы жіберіп, дертін сонда емдетіп жазады. Қастандықтан сақтану үшін баланы арнайы сандықтың ішіне салып, қазақ арбамен алдыртады. Содан бастап болашақ Бату-Мөңке хан «Қобдидағы хан» (Үкекте қаған) аталып кетеді. Енді Мандухай сол жетім мұрагердің атынан жарлық шығарады.

Алайда, «жесір қатын мен жетім ханның» дәрегейі кімге өтсін?

Мандухай дереу шешім қабылдап, әскери жорыққа аттанады. Анау-мынау елге емес, тура өзінің ұлысына – ойраттарға тұтқиылдан шабуыл жасайды. Шайқасқа Мандухайдың өзі тікелей қатысады. Ұрыс қызған кезде

етегімен жарылқайды. Сөйтіп, «алтын ұрықтың» басы – Алан-гуа ананың аяны дал келеді. Бір қызығы, Мандухай қатын 1490 жылы үшінші егізге аяғы ауыр кезде шайқасқа қатысып, аттан жығылады. Шеріктердің бірі қалкалап атқа мінгізіп, майданнан алып кетеді. Аман-есен босанып, кезекті егіз ұлын табады. Соған қарағанда, «Сайын Мандухай» десе дегендей сайын екен. Бірақ, содан бастап «сайын қатынның» сағы сына бастапты: сайын даладағы хандықтарды (оның ішінде, оңтүстік Орта жазық – Сардала мен Сарыөзен, Шығыс және Орталық Түркістан, әрине, «Алтын орда» да бар) ұлы Шыңғыс қағанның қара шаңырағының астына қайыра біріктіру арманы орындалмай қалды. Бату-Мөңке – Даян хан енді билікті белсене өз қолына алды. Сайын Мандухай – 1509, Даян хан – 1517 не 1543 жылы дүниеден қайтты. Ендігі тізгінді Мандухайдан туған көп ұлдар ұстады.

Сөйтіп, «жоңғар хандығын» – «көшпелілердің соңғы империясы» атандырған атақты Галдан құтықтының Жоңғарияға жорығы, міне осылай, Далай-ламаным «батысты қасиетті дінге кіргізуі» туралы аманат-тапсырмасымен басталды. «Қасиетті рух» пен «рух патшалығының кепілі» Галдан құтықты ағасы Сенген-тайшының қарауындағыларды дінге ұйытып, басын шұғытып, өзіне қаратып алады. Галдан құтықты 1669 жылы: барунгар – оңтүстік (оң қол), жоңғар – солтүстік (сол қол) атанып, екіге бөлініп кеткен ойраттардың басын қосамын – деген желеумен Ошырты-ханның ордасына келеді. Құтықты болса да құлқыны Ошырты ханның қызы Ану аруда болады. Сол сапарда, Жоңғар ханы Сесен-тайшы мен Жотпа-батыр түн ішінде Барунгар ханы, Галданның бір әке, бір шешеден туған ағасы Сенге ханды өлтіріп кетеді. Галдан мұны естіп, Ошырты-ханмен антасып, кек алуға серттеседі. Галданның ордасы

Қалыңдығым Ану мен балаларымды Ұлан-бүдіннің түбіндегі шайқаста Галданнан тартып алдым» – деп жауап берді.

Міне, өштіктің төркіні қайда! Тағы да зорланған әйел!

Жоңғарды – империя дәрежесіне көтерген, үш жакты қоршауда қалған, ұлы Себтен-Балжыр Канс-сидің тұтқынына түскен Галдан бошықты хан: «Менің түбіме сен жеткен жоқсың, Кан-си, туған бауырым Себен-Рабтан жетті. Жоңғарияны тартып алды. Мен отансыз қалдым. Мен сенімен соғысар едім, бірақ, халха моңғолдың керін күштірып, сарыаяқ шеріктерінің табаны Жоңғарияны басады-ау деп қауіптенемін. Одан да Отандымен азат сақтағаным артық. Бұл қорлықтан өліп құтылайын!» – деп сәлем айтып, 1697 жылы 3 мамыр күні Батыс Монғолиядағы Ашамутай деген жерде құсалықпен дүниеден өтті.

Біз осымен Галдан Бошықты хан мен Себен-Рабтанның арасындағы



немесе «кекті қатындар» мен «кекті жатырда» ұйыған хандық

Тұрсын ЖҰРТБАЙ.

Мандухайдың дулығасы ұшып кетеді. Мұны көрген жауынгер шоростың бірі өз дулығасын кигізе салады. Сөйтіп, Мандухайды ажалдан құтқарып қана қоймай, әскерді үрейлене шегінуден сақтап қалады. Ең бірінші және ең маңызды жеңіске жеткен Мандухай жік шығарушы тайшылардың көзін жойып, хандықты мойындаттырады. Олжаны жомарттықпен бөліп береді де, ойраттардың дәстүрін ойрандап, яғни, елдік қасиетін ұмыттыратын: «Осыдан бастап киіз үйлеріңді орда деп атауды қоясыңдар, бас киімдеріңе екі елден артық жыға тақпайсыңдар, малда құрпы отырмайсыңдар, тізелеріңді бүгіп отырасыңдар. Айранды – көже дейсіңдер, етті кесіп жемей, тістеп жейсіңдер» – деген жарлық шығарады. Кейін етті пышақпен турауға келісімін береді.

Тарихшылар: «Неге Мандухай өзінің жұртын шапты?» деп сұрақ қояды. Бірінші, ойрат – «төрт тайпа бірлестігі» ол кезде жоқ еді. Торғауыт, дүрбіт, телеут, шорос – өз беттерінше дербес ұлыс еді. Демек, Мандухай шоростан басқа, хандықты мойындамаған қалған үш тайпаны, не солардың мойынсұбағандарын шапқан. Екіншіден, таққа отырған қонтайшылардың барлығы да өз туыстарының, яғни, ойраттардың арандатуынан қаза тапқан болатын. Үшіншіден, бұрын-соңды тақ иесінің ең сенімді кешіккендері – ханның қайын жұрты, қатынының төркіні, құдалары еді. Ал Мандухай үшін осы төрт жұрт – бір жұрт, ойраттар еді. Сондықтан да, хандықтың қара шаңырағын тайпалары мен руларың қайымдыруы үшін ең әуелі өзінің іргесін кекітіп, яғни, төркіндерін тұқыртып алуы тиіс-тін. Бұл үш максатқа қолы жетіп, хандықтың ханымы атанған соң, әрине, тақ иесі – ханды таңдауы заңды еді.

«Төсек көрсе сіреспесі ұстайтын» Мендігүлдан жар қызығын көріп жарытпаған Мандухай Шыңғыстың бауыры Хасардың үрім, ежелден жақаттас Өне-Болатпен көңіл қосады: «Оған ресми күйеуге тисе – Өне-Болат заңды тақ иесі атанады. Сөйтіп, ұмытылған тақ таласы қайта қозды, хандықтың ішіндегі былықты енді Хасардың тұқымдары бастайды. Шыңғыс әулетінен басқа әулетке күйеуге шықса – «қатын» аты жойылып, «қара шаңырақтан» айырылады, моңғолдарға сөзі өптейтін болады» – деген туған ағалары Жыға мен Менді-Өрліктің уәжі көңіліне қона кетеді. Ұрғашылық долылығы ұстап, Өне-Болатқа тиюге кесек берген Сатай сараместің басына ыстық шайды құйып жібереді. Еті үйренген Өне-Болатты өкпелетіп алмаудың амалымен Шыңғыс ханның әруағы қонған «сегіз ақ боз үйге» барып, Алан-гуаның әруағына шағынады: «Өне-Болат – етегем емес. Қағанның «алтын ұрығына» күйеуге тиіп, жеті ұл, бір қыз табуыма жар бол, Алан-гуа!» – деп жалбарынады. Әрине, Алан-гуа тура солай аян береді. Сөйтіп, «Сайын Мандухай нәпсіге беріліп, ләззәтқа құмартса, жас ноян Болаттың легеніне көнер еді. Алайда, ол мемлекеттің мүддесін жоғары қойды». 1470 жылы құрылтай шақыртып, Бату-Мөңкені – Даян хан, яғни, Да юань (Ұлы юань патшалығының ұлы қағаны) – деген ныспымен таққа отырғызды. Бұл кезде Бату-Мөңке 7 жаста, Мандухай 33 жаста еді.

Бату-Мөңке балиғатқа толған соң, яғни, 1482-1494 жылдардың аралығында үш егіз, бір жалқы ұл, бір қыз тауып, жалғыз мұрагерді

МІНЕ, ойрат-шорос қызы Мандухайдың егіздері нағашылары ойраттардан – «сол қол» – жоңғар әскерін жасақтап, өздері «Жоңғар хандығын» құрып, соңғы шылбырды қонтайшыларға – жиендеріне ұстатты. Көп ұрықты шашыратпай Мандухайдан туған Ұлыс-Болат, содан кейін Барыс-Болат «рух қорғаны» – Тибет пен Ордосты иеленгенін ерекше назарға аламыз. Барыс-Болаттың ұлы Алтын-хан таңғұттардың «данқты да құдіретті билік әрі рух қорғанышы» атанды. Ал оның немере-жиені Құтықтай-сечен (шешен, көсем) қонтайшы 1577 жылы пұт намынын – мемлекеттік қасиетті дін, ал далай лама – Пұттын елшісі – деп жариялады. Қағанның өзі далай-ламаньның алдында басын шұғылп, мүлгіп тұратын болды. Алтын ханның немересі «моңғол тұқымынан шыққан тұңғыш және соңғы Далай-лама IV» атанды. Тоған мен Есен ханның кіндіктесі, ойраттардың ұлыс көсемі Байбағыс-хан 1578 жылы 50 мың әскермен Ертістің мойнағынан өтіп, қытайдың дөңгейіндегі халха-моңғолдың 80 мың қорын талқандап, моңғол империясын қайта біріктіру керек – деген дәмені қоздырады. Құлашын солтүстіктегі Көшім ханның жеріне сермеп, Омбы мен Есіл өзенінің жоғарғы ағысына иелік етті. 1628-1632 жылдары Хо-Ұрлық (Қойырлық) бастатқан торғауыттар, дүрбіттер «ұлы ноғай дала-сы көктей өтіп» Еділ бойына қотарылды. Орыс ғалымдары Петр I патшамен салыстырып Батыр-қонтайшы таққа отырған тұста, яғни, 1635 жылы Жоңғар империясы толықтай қалыптасып болды деп есептеледі.

Ал 1610 жылы Байбағыс хан өзінің ұлының орнына Тибетке тақуалыққа жіберген бала кейін «аса дана және қасиетті Зая-пандит құтықты» атанды. Пұт дінін насихаттап «Жайық пен Ертіс арасын, Көкнор мен Тибет арасын шарлап», жоңғар хандығының тұтастығы мен бірлігіне кепілдік беретін әулие дәрежесіне көтерілді. Жоңғарлардың қазақ даласына жаппай қотарыла бет алуына батасын берген де сол ойрат, яғни, «Мандухай қатынның» қандасы. Сол Зая-пандит Батыр-қонтайшының сегіз (кей деректе тоғыз) ұлының бірі атты жасар Галданды Тибетке әкеліп, тақуалыққа тәрбиелейді. «Құт иесі құтықты» дәрежесін алады.

1653 жылы Галданның әкесі Батыр-қонтайшы, 1662 жылы ұстазы Зая-пандит дүниеден өтеді. Далай-ламань бұйрығы бойынша шеберлер Зая-пандиттің мүсінін жасайды. Галдан бастатқан ойрат тақуалары Зая-пандиттің өртелген мәйітінің құлін қою сиямен араластырып, қасиетті өсиет жазып, оны мүсінінің ішіне салады. Сыртына: «Тағы моңғолдардың шет аймағына құдіретті діл таратушы» деген Далай-ламаньның жазуы жазылған бұл мүсінді Галдан құтықты Жоңғарияға өзімен бірге алып келеді. Сөйтіп, Зая-пандиттің рух мұрагері атанған Галдан құтықты Далай-лама V-тен: «Туған ағам Сенге-қонтайшының жанындағы құтықшысы болайын. Біздің ойратта: «Менің сұр аргымағым шабысынан әлі насылған жоқ, менің сұр жемем әлі насылдан шалыс кеткен жоқ. Әке, жібер мені жорыққа, аттанайын!» – деген жыр бар. Жіберіңіз мені, Жоңғарға» – дейді. Далай-лама панчен-ламань (қасиетті ламань) мұрынынан асқан қанымем қаймышталған белгілер (кабалистические знаки) жазылған дуананы бас сүйегін сыйға тартып: «Пұт міножатын тарат, бірақ мұндағы жұмбақты зерде иелері ғана білсін» – деп жолға шығарып салады.

– Ертіс, Сесен-ханның ордасы – Еміл өзенінің бойында еді. Қаранор көлінің жағасында Сесен-ханды талқандайды. Бұдан кейін құтықтылықтан бас тартып, өзін қонтайшы емес, хан деп жариялайды. Ану аруға үш рет қатарынан жасау-таралғы жіберіп, айттырады. Отыз күн ойын, қырық күн тойын өткізеді. Бірақ, Ану ару Галданға қас емес, мәңгілік тау-сылмайтын кек әкелді.

Себебі, туған ағасы Сесен-ханның заңды тақ мұрагері, өзінің етбауыры – Соном-Рабданды у беріп өлтіреді, ал екінші ұлы Себен-Рабтан (Цэван-Рабдан) Тұрпанға (екінші бір деректе нағашысы торғауыт ханы Аюкеге) қашып кетеді. Ағалы-інілі екеуінің, яғни, Галдан мен Себен-Рабтанның бүтін Жоңғарияны бөлшектеген, ақыры, Моңғолия мен Жоңғарияны қосып мәңжулерге теліткен өштiгi осылай өршiдi. Шыңғыс қағанатын қалпына келтіріп, солтүстік және оңтүстік (мәнжу бодандығындағы) моңғол хандығын ойратпен қоса біріктіруге барын салған, 1679 жылы Шығыс Түркістанды жаулап алғаны үшін Далай-лама V Галдан құтықтыға «Бошықты хан» – «Тәңір жарылқанан қаған болсын» (бурхан тэнгриин бошгоор хан болсун) деген атақ береді. Бұл – Пұт құдайының жердегі өкіл деген сөз.

Мұндай киелі лауазымды бауыры Себен-Рабтан ғана мойындамады. Неге? Кілтипан, сол баяғы «кекті бесікте» жатыр. Мәнжу патшасы Кан-си – оңтүстіктен, Себен-Рабтан – солтүстіктен, Тушету хан – шығыс солтүстіктен қыспақ алып, Моңғолияның толықтай мәнжу бодандығына көшер кезде, мәнжу императоры ағалы-інілі екеуінің қанды кегі неден басталғанын сұра-тады. Сонда Себен-Рабтан: «Біздің Галданмен жаулаусыздығын себебі мынау. Ол менің ағам Соном-Рабданды у беріп өлтірді. Бір кезде маған (Себен-Рабтанға) айттырғанын қалыңдығым Аруды (Ошыртының қызынан басқа, Галдан бошықтының екінші қатыны Ану. Ал Ошыртының қызы Ану ару өмірінің соңына дейін Галданның қасында болды. Мәнжумен, Себен-Рабтанмен, Тушету ханмен болған шайқасқа да қатыспаймыс) тартып алып, зорлықпен қатын етті. Сөйтіп, мені қаты қорлады.

«кекті бесікті» тербеткен, жоңғар империясын тарих сахнасына шығарған «қағанат қатындары» туралы әфсананы аяқтаймыз. Айтпақшы, бұл «кекті бесіктің» қазақ ханы Тәукеге және Себен-Рабтанның қазақ даласына шабуыл жасауына да қатысы бар болып шықты. Оны баяндамасақ, Себен-Рабтанның «қазаққа қастығым жоқ еді, өздері намысыма тиіп, «қалыңдығымды тонап, қорлады» – деген уәжі атаусыз қалар.

«Себен-Рабтанның жоңғар ханы ретіндегі алғашқы сыртқы шарасы қазақ ханы Тәукемен арадағы соғыс болды. 1698 жылы көктемде Себен-Рабтан қытай патшасы Сюань Е-ге жазған хатында: соғысты «өз еркіммен емес, аса мәжбүр болғандықтан да басталдым. Оған Тәуке ханның озбырлығы себеп болды. Әуеліде Тәуке менен: Галданның тұсында тұтқында түсіп, Глхасадағы Далай-ламаға сыйға тартылған ұлын босатуға көмектесуімді өтінді, оның есесіне, ол – Тәуке менімен одақтас және тату болатынына сендірді. Мен – Себен-Рабтан, Тәукенің ұлын босатырып алып, оның қауіпсіздігін сақтау үшін қасына 500 адам қосып қайтардым. Бірақ та Тәуке менің бұл қайырымдылығымның қарымтасын қастандықпен қайырды, менің адамдарымның бірін қалдырмай қырып тастады. Содан кейін менің қол астымадағы Үркедей-Батыр-тәйжіні және оның адамдарын түгел өлтіріп, тонады, өзіне тұтқын етіп алды. Содан кейін көп уақыт өтпей жүз түтіннен асатын менің ұранхай жасақтарымы әйелімен, баласымен, барлық мал-мүлкімен тартып алды. Сонымен қатар, Тәуке хан Еділ бойынан Жоңғарияға ұзатылып келе жатқан менің қалыңдығымның, Аюке ханның қызының көшіне шабуыл жасады. Сондай-ақ, ол – Тәуке хан Ресей жерінен тауар алып келе жатқан менің көпестерімді тонады. Сондықтан да мен оны қасына – қысас жасап, әскеріммен соғысқа аттануға мәжбүрмін. Мен осы хабар арқылы, сізге, мәртебелі ағам, мені соғысқұмар екен деп ойлама-сың деген үмітпен өзімнің жазықсыз екенімді мәлімдеймін» (И.Я.Златкин) – дейді.

Себен-Рабтанның жазып отырғаны мыңдық па, жоқ, жай бопса ма? Әлде

бұл: жоңғарлардың 1628-1632, 1643, 1680, 1681-1684 жылдары қазақ даласына жасаған жорықтарына қайтарған Тәуке ханның жауабы ма? Себен-Рабтанның тұсындағы қазақты «ақтабан шұбырындыға ұшыратқан» 1711-1712, 1714, 1717 жылғы және «Алқақолге апарып сұлатқан» 1723 және 1725 жылғы шапқыншылыққа «себеп болған», шынымен де, Аюке ханның қызының – Себен-Рабтанның қалыңдығының көшінің шабындыға ұшырауы ма? Сонда, «кекті бесіктің» құны үшін әр бес қазақтың үшеуі басын бергені ме? Анығы: 1726 жылы Білеуті өзенінің бойында 65 мың қалмақ әскерін 40 мың қазақ қолының жеңгені, Себен-Рабтанның 1727 жылы өлгені, сол жылы Анырақай шайқасында қазақтардың шешуші жеңіске жеткені. Ал осы қырғынға Себен-Рабтанның қалыңдығының қолға түсуі себеп болды ма, ол жағын түбірлеп түсіндіру қиын. «Бай қимақ – жан қимақ» деген қазақ мәтелін білеміз, алайда, «қатын үшін хан пид» дегенді естімеппіз. Дегенмен де, дүниенің аргы-бергі тарихындағы, соның ішінде осы әфсанадағы қанды қырғындардың барлығы «қатындардың – императрицалардың» кесірінен ушық-қанын ескерсек, ол да мүмкін. «Кекпен тербетілген бесікте» аяушылық болмақ емес. Сөйтіп, «кекті жатырда» туып, «кекті бесікте» тербетілген, «кекті жорықтан» пайда болған жоңғар хандығы ақыры «Ану қатын» мен Аюке ханның қызының және нағашылы-жиенді Даваци мен Әмірсананың кесірінен жойылып кетті.

Әлкисса, міне, осы жолдармен біз де дйттеген жерімізге жеттік. Жоңғар хандығын тарих сахнасына шығарған: кекті бесікте тербетілген; не әке-шешесін, аға-бауырын өлтіріп, әпке-сіңілісі зорлықпен түл етілген; не ел-жұртын аман сақтап қалу үшін басын кейкуат қатындыққа көндірген; не хандықты сақтап, ұлысын хандық деңгейіне жеткізген «кекті қатындар» екенін ерлі-зайыпты Почекаевтардың жинақтаған деректеріне жүгіне отырып пайымдадық. Осы әфсанада аты аталған, ескіше – қатын, бізше – әйелдердің әр қайсысы, басында ескертіп өткеніміздей, «санда – санаты, төрде – орыны жоқ» жоңғар хандығының тарих сахнасына шығып қана қоймай, «көшпелілердің соңғы империясы» деңгейіне жетуге, бірі – тамшыдай, бірі – тұмадай, бірі – бұлақтай үлес қосып, ақыры кекті теңізге айналдырды. Түпкі «кекті бесік» Боданшар-Мұңлықтың жүкті әйелді зорлауынан басталды. Амбағай қаған қызын ұзатқан жолда уланып өлді. Есукей меркіттің ұзатылып бара жатқан қызына Үлеуін-үжінді тартып алды. Есукейдің өзі Бөрте-үжінге қалай түскенде улап өлді. Бөрте-үжінді меркіттер тартып алды. Көптің көзіне зорланған Теркен қатын ұлысты беске бөлді. Үгіл-Қаймыштың тұсында билік Үгедейден Толю әулетіне көпті. Сорактан қатын ұлы құрылтайдың беделін түсірді. Шэпи – «Ұлы жұрттың» дінін өзгертті. Мандухайдың тұсында, «алтын ұрыққа» әйелдер (қатындар) әулеті жағынан алыстан кеп қосылатын жиендер – ойрат ұлысы» таққа ұмтылды.

Олар өздерінің, яғни, шоростардың аргы тегін асылдандыру үшін, Шыңғыс ханның шығу тегіне балама ретінде мынадай әсіреәфсана шығарды. Есте жоқ ескі заманда жас аңшы биік таудың басындағы иен көлге келеді. Оның жағасынан суға түсіп жүрген перінін қыздарын көреді. Біреуін ұстап алып, мауқын басады. Арада тоғыз ай өткенде перінің қызы тапқан ұлын ағаштың басына іліп кетеді. Оны ағаштың өскіні емізіп өсіреді. Ағашты сораптан еміп өскендіктен «сорап, шорап, шорос» атанып кетеді. Оны тауып алған адамдар бір ғұламаға көрсетеді. Оқымисты: Көктен туған әулие бала екен. Хан сайландар – дейді. Шорос тайпасы сол әулеттен тараған-мыс – делінеді (Е.И.Қычанов). Екінші бір аңызда, жас сәбиді ағаштың қабығының арасынан тауып алады. Қалай дегенмен де, шоростардың, ойраттардың аргы тегінде «кекті де күмәнді» бесікке қатысты бір бұлдырлық бар.

Қойшы, сонымен, әлгі «перінің тұқымдары», Шорос қызы Мандухайдың ұлы – Болаттар – Батырланып, хандық құрды. Солардың ішіндегі ең қатерлі – Құтықтай-сечен қонтайшы болды. Ол: Сендердің ендігі ұлы ұрлықтары – батыста өсіп-көктейді. Пұт құдайы сендерге «Алтын орданың» мезгеп тұр. Аттан. Пұт дінін таратыңдар. Мен батамды бердім! – деп жар салуы мұң екен, қонтайшы атаулы батысқа – қазақ даласына, яғни, Сарыдаладан – Сарыарқаға дүлей қуын боп лап қойды.

Бұл тарих – біздің ұстынымыздан тыс тақырып. «Кекті бесіктен» туған тұқымдар кекті империяны дүниеге әкелді. Ал сол «кекті империяның» қыздары мен жесірлерінен туған жиендері – «калмактан жылы қайырган, қатын-баласын айырған» қазақтар – көшпенділердің соңғы ұлы империясының тоз-тозаласын шығарып, жер бетінен атын өшіріп тұнды.

Бұл не сонда? Тарихи заңдылық па, жоқ, тарихтың тәлкегі мен



● Сараптама

Еліміздің нарықтық негізге көшуінен басталған, соңғы екі онжылдықта Қазақстанда орын алған өзгерістер экономика мен әлеуметтік салаға, соның ішінде білім беру ісіне де әсер етті. Ахмет Байтұрсынов айтқан білім жарысы нарық заманында нағыз бәсекелік сипатқа ие болды. Қазірде жоғары оқу орындары жұмысының тиімділігі олардың талапкер тартуымен ғана сипатталмайды. Оқу үдерісінің сапалылығы, әдістемелік, ғылыми, халықаралық, жаңашыл және бизнес саласына қатысуы да білім ордасына сын. Білім ордаларының инновациялық деңгейін арттыруы, олардың өндірістік кәсіпорындармен байланысын күшейтуі, еңбек ресурстарын басқару саясатын жетілдіруі оның менеджментіне заманауи көзқарасты талап етеді. Ғылымды, инновацияны, кәсіпкерлікті дамыту ел экономикасын арттырудың тегершігі десек, бұл орайда жоғары білім ордаларының алар орны ерекше.

Ұлттық зерттеу университеттері

Оған заманауи көзқарас қандай болуы тиіс?

Әбдірахман НАЙЗАБЕКОВ,
Рудный индустрия институтының ректоры,
техника ғылымдарының докторы, профессор.



басым секторларында қосымша құнды ұлғайту болып табылады. Бұл, жалпы алғанда, Отанмыздың жоғары білім беру жүйесіне тиянақты талаптар болатындығын айқындайды.

Білім және ғылым министрлігі алқасының 2014 жылғы 31 қаңтардағы қаулысымен ғылым мен білім интеграциясы мәселелерін қамтыған Жол картасы бекітілді. Ол қамтитын негізгі бағыттар бойынша әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Білім және ғылым министрлігінің ғылыми-зерттеу институты, Ғылым комитетінің ғылыми кадрларды дайындау біріккен жобасы жүзеге асырылды. Магистранттар мен PhD докторлар дайындалады. Сонымен қатар, Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті базасында ұлттық зерттеу университеттері құрылды. Осылайша, елімізде ұлттық зерттеу университеттерін құруға жол ашылды.

Сонымен, ұлттық зерттеу университеттері қандай болу керек? Олардың тек ғылымды дамыту және білім беру ғана емес, сондай-ақ, білімді басқару, озық технологияның экономикаға енгізілуін қамтамасыз ету, іргелі және қолданбалы зерттеулер жасау, магистрлер мен PhD докторларын дайындаудың тиімді және біліктілікті жетілдіру бағдарламасының дамыған жүйесін табуы маңызды болмақ. Біздің оймызша, мұндай жоғары оқу орындар жүйесі елдің ғылыми-техникалық кешенінің дамуына және оны қажетті еңбек ресурстарымен толық қамтамасыз етуге динамикалық түрде ықпал етуі тиіс.

Қазақстандағы ұлттық зерттеу университеттері қазір жоғары оқу орындары базасында қалыптастырылатын болады. Студенттерді инновациялық жобалауға, ашылған ғылыми жаңалықтарды коммерциялауға үйрету, алға қойған мақсаттарға сәйкес басқаруды ұйымдастырудың жаңа жүйесін құру олардың негізгі мақсаттары мен міндеттеріне жатады. Мұның дамыған елдерде жақсы үлгілері бар. Мысалы, АҚШ-тағы ұлттық зерттеу университеті – Массачусетс технологиялық институтын (MIT) алайық. Институттың бір жылғы табысы 2,644 миллиард доллар болады, оның 51,9 пайызын зерттеулер мен жасақтамалардан алынған табыс құрайды, эндаумент – 7,982 миллиард доллар, институт түлектері құрған жеке кәсіпорындар саны – 25800. Институт түлектері құрған компаниялардың жыл сайынғы қосымша табысы – 2 триллион доллар. Жыл сайын 4232 адам бакалавр, 6152 адам магистр мен докторант болып шығады. Барлық оқу үдерісі мен ғылыми жасақтамалар өзін-өзі қаржыландыруға негізделген.

Озық елдердің зерттеу университеттеріндегі қолданылып келе жатқан басқаруды ұйымдастыру жүйесі негізінен горизонтальдық байланысқа құрылған, жоғары деңгейдегі қызметкерлерді негізінен инновациялық қызметке бағыттайды. Осылайша, ұлттық зерттеу университеттеріндегі басқаруды ұйымдастырудың жаңа жүйесі құрылымының заманауи беталысына сәйкес келуі қажет. Мұндай нәтижеге жету үшін, бірінші кезекте, жұмыс істеп тұрған басқару жүйесіне

қайта құру жүргізу керек, онда университеттің барлық кафедраларының кооперацияларын синергетикалық нәтиже беруге бағыттаған дұрыс деп ойлаймыз. Университетте тұйық цикл, яғни білім беру, зерттеу және инновациялық кәсіпорын құру ғана болуы тиіс. Бұл, жинақтап айтар болсақ, кадрларды дайындау, инновациялық идеялар және оларды тудыра алатын және өндіріске енгізетін кадрлар деген сөз. Инновация тудыру – генерация үздіксіз және мүмкіндігіне көпшілікті қамтуы болуы керек. Тек осы жағдайларда ғана ғылыми зерттеу университеттерінің қызмет үдерісі жемісті болмақ.

Ұлттық зерттеу университетінің түлегі талдауды, жобалауды және оны жүзеге асыруды қажет ететін кәсіби жағдайларда жүйелі іс-әрекетке дайын бола алатын, демек, креативті, шығармашылықпен жұмыс істеуге қабілетті, бойында ойлау шапшаңдығы бар, қажет болғанда тез шешім қабылдауы тиіс. Әр пәннің мақсаты – студенттер үшін жаңа білім көкжиегі болады. Студент жобалау немесе қолданбалы зерттеу барысында өз бетімен білім алып, зерттеу функцияларының дағдысын меңгереді. Кәсіби дайындалған кадрларға сұраныстың өсуі, сонымен қатар, белгілі бір мамандар санатына бизнес тарапынан тапсырыс болған жағдайда жоғары оқу орны профессорлық-оқытушылық құрамды тиімді пайдаланбай мақсатқа жете алмайды. Ол үшін профессорлық-оқытушылық құрамды ұстауға жұмсалатын шығынды азайту қажет. Мысалы, жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарламаларына таңдау жасай отырып, бакалавриатқа кететін шығынды төмендету керек. Мысалы, Білім және ғылым министрлігінің 2013 жылдың 25 қазанындағы № 434 бұйрығымен бекіткен жоғары оқу орнына қойылатын талаптарда білім алушылар үлесі бакалавриатқа – 65, магистратураға – 35, докторантураға – 35 пайыз көрсетілген. Бірақ бакалаврдың магистранттарға, PhD докторларға деген сандық арақатынасы анықталмаған. Біздің көзқарасымыз бойынша, бакалавриат бағдарламасы түлектерінің саны магистратура және PhD докторантура бағдарламаларының түлектері санынан әлдеқайда аз болуы тиіс. Оқу ағынын ірілендіру және білім беру бағдарламаларын бірыңғайлау немесе бакалавриаттың бір бөлігін қашықтықтан оқыту технологиясын пайдалана отырып оқыту көшіруді бакалавриат шығынын азайту жолдары ретінде қарастыруға болады. Ал жоғары оқу орнынан кейінгі білімге келетін болсақ, магистранттар, резидентура тыңдаушылары, адъюнкттер мен докторанттар қатарына қабылдауға жоғары, яғни аймақтық ЖОО-ның қабылданушыларына қойылатын шарттардан әлдеқайда бөлек талаптар қою қажет.

Өнімді қызметтің тұйық циклын, яғни білім беру, зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және инновациялық кәсіпорын құру үшін кадрлар мен инновациялық идеялар және оларды тудыра алатын, өндіріске енгізетін кадрлар дайындауға бағытталған университеттің жаңа стратегиясы болуы тиіс. Салалық мамандандыруды ескере отырып, инновациялық зерттеулердің бағытын қажетті кәсіби кадрларды дайындауға, сол сияқты кәсіпорынға инновацияны игертуге жауапты профессор-оқытушылық құрамды ұйымдастырумен біріктіруге қажет. Бұл жағдайда жоғары оқу орны жалпы институттық іргелі кафедраларды бөлек блокта қалдырады. Мамандандырылған салалық

кафедралардың профессор-оқытушылық құрамын қамту арқылы реформалануы мүмкін. Кадрларды сапалы даярлау жүйесін құру және зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін білім ордасы жалпы бюджетінің 10-15 пайызы көлеміндегі қаржыны жыл сайын материалдық-техникалық базаны жаңартуға бағыттау дұрыс болады деп ойлаймыз. Ұлттық зерттеу университеттерінде құрылатын жаңа зертханалар еліміздің басқа жоғары оқу орындарында ашылып жатқан дәстүрлі зертханалардан едәуір өзгешелендірілуі тиіс. Ол үшін тәжірибелер мен эксперименттер жүргізуде аса жоғары дәлдікті нәтиже алуға мүмкіндік беретін заманауи, жоғары технологиялық жабдықтар мен құралдар таңдалатыны белгілі.

Тағы бір маңызды көрсеткіш – ұлттық зерттеу университеттерінде жүргізілетін ғылыми-зерттеудің сапасы басты көрсеткіш болып табылады. Ұлттық зерттеу университеттері өз жұмыстарына белгілі профессорлар мен зерттеушілерді шақырады, сондықтан да бұл университеттерге тапсырыс берушілер өздерінің маңызды және қымбат тұратын зерттеулерін сенім тапсырады. Сол себепті да гранттық іргелі ғылыми-зерттеу жобасы, бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру шеңберінде жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстары мен шаруашылықтардан келісімшартпен түскен қаржы университет бюджетіндегі табыстың ауқымды бөлігін құрайтын болады.

Университеттің профессор-оқытушылық құрамы дәйексөздерінің саны, яғни, олардың ғылыми мақалаларының мәтіндері санының осы университеттер профессор-оқытушылық құрамының жалпы санына арақатынасы – ұлттық зерттеу университеттері зерттеулерінің сапалық көрсеткішіне толық кепіл болады. Ғылыми жарияланымдарда кездесетін мөтіндер көзі – Web of Science (Thomson Reuters) платформа, Scopus және Google Scholar іздеу жүйесіндегі ғылыми сипаттағы жарияланымдардың үш ірі библиографиялық мәліметтері болып табылады. Ұлттық зерттеу университеттерінің профессор-оқытушылық құрамын жұмысқа қабылдау немесе оларды мансаптық жоғарылау кезінде қойылатын талаптардың күшейтілуі де зерттеу сапасына ықпал етеді. Қысқасы, барлығы да ғылым мен ұстаздықты ұштастырған тұлғалардың деңгейіне тікелей байланысты.

Халықаралық тәжірибелердің көрсеткеніндей, бүгінгі күні зерттеу қызметтеріндегі коммерциялық бағыт алуы жоғары оқу орындарының кәсіпкерлік қызметтерін жүзеге асырудың кең тарапқан тетігі болып табылады. Технологиялардың коммерциялануы деп ғылыми-зерттеудің нәтижелерін пайдалану табыс табуға бағытталған кез келген қызметтің айтылады. Бүгінде инновациялық кәсіпкерлік қызметті жоғары оқу орындарының уақыт ағымына ілесуі ғана емес, оны адам ресурстары – ғалымдар мен кәсіпкерлер деп түсінгеніміз абзал. Мысалы, Питтсбург университетінде зерттеулерді коммерцияландырудағы ғалымдар ебегінің марпатталуын көтеруге арналған тұтастай бағдарлама жасалған. Дегенмен, қазақстандық жоғары оқу орындарын институттық автономия алуының болашағы тұрғысынан алғанда, олардың инновациялық кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру, эндаумент-қорлар, орталықтар құру мен дамыту арқылы тапқан табысты ортапарандандыруға деген құлшынысы байқалады.

Университет пен бизнес арасында нәтижелі байланысты дамытуға күш салу, технология трансферінің дамуына, қосымша білім беруге, жоғары сұранысты түлектерді даярлауға ерекше назар аудару ұлттық зерттеу университеттерінің болашақтағы стратегиялық мақсаты болуы тиіс. Болашақта белсенді инновациялық маман зерттеушілерді оқытып, теория мен практиканың өзара қарым-қатынасына орта қалыптастыру ұлттық зерттеу университеттерінің басқа жоғары оқу орындарынан басымдығын анықтайды. Ұлттық зерттеу университеттері ғылымның кадрлық әлеуетінің, оқу үдерісі мен ғылыми қызметтің, жоғары технологиялар мен кәсіби білім берудің дамуы мен қорғалуына деген жауапкершілікті өзіне алуға қабілетті болады. Бұл олардың қызметінің барлық негізгі параметрлеріне жоғары талаптар қоюды қажет етеді.

РУДНЫЙ.

● Көзқарас

Ақпар ақ, әрі нақ сөйлесе...

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлт Жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» атты мақаласында «Сапалы жоспарлауды жүзеге асыру үшін мемлекеттік статистиканың анықтылығын қамтамасыз ету қажет. Сондықтан, сапалы статистикалық мәліметтер беруде респонденттер мен әкімшілік көздерінің жауапкершілігін арттыру маңызды. Осы жайлардың барлығы нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу барысында ескерілді» делінген.



Ұзақ жылдар бойы облыстық статистика саласына басшылық жасаған, оның қыры мен сырына қанық қызметкер ретінде біршама жайтты баяндағым келеді. Осы жылдар ішінде көптеген адамдармен қызметтес болыппыз. Дегенмен, бұл аралықта облыстың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерін бұрмалап, кемшілігін жасырған фактілер болған емес. Оның есесіне «арық айтып, семіз шыққан» сәттер көбірек кездесті. Оған бір жағынан, заңды тұлғалар мен респонденттердің шынайы есептілік көрсеткіштері нәтижесінде, екінші жағынан, облыс басшыларының іскерлігінің арқасында қол жеткіздік.

Статистика қай кезде де құрманың үшін жасалмаған. Шынайы статистикалық көрсеткіштер арқандары мемлекеттің басым даму бағыттары айқындалады, жүргізіліп жатқан экономикалық бағыттарға дер кезінде өзгерістер енгізіліп тұрады. Сондықтан нақты статистикалық көрсеткіштерді жоғары мемлекеттік органға беру барысында «Тұра биде туған жоқ» қағидасын ұстандық.

Бұл жылдар аралығында статистика саласы да өзіндік даму жолынан өтті. Заңды тұлғалар мен респонденттерге есептілікті жеңілдету мақсатында электронды есеп беру бойынша тек 2015 жылы 31,0 мыңнан астам құжат қабылданды. Яғни, бүгінде жұрт есептерін бұрынғыдай қолма-қол қағаз түрінде өткізбейді. Қайта



Оқыс жағдайда көрсеткен қырағылы үшін машинистер М.Сәттібаев пен оның көмекшісі Д.Рақымжанов Астана локомотив депосы басшылығының атынан алғыс хат пен ақшалай сыйлық алды.

«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының акционерлері үшін 2016 жылғы 14 қаңтарда өткен «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері кезектен тыс жалпы жиналысында сырттай дауыс беру қорытындылары туралы ақпараттық хабарлама

«ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 51-бабының 6-тармағына және Қоғам Жарғысы 9-бабы 52-тармағының 3) тармақшасына сәйкес 2016 жылғы 14 қаңтарда өткен Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысында сырттай дауыс беру қорытындылары туралы хабарлайды.

1. «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту туралы мәселе бойынша. Акционерлер дауысының жалпы саны – 346 337 797. «Жақтап» берілгені – 346 337 797 дауыс. Шешім дауыс беруге қатысқан Қоғамның дауыс беруші акциялары жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданды.

2. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы күн тәртібінің мәселесі бойынша: 2016 – 2018 жылдарға «ҚазТрансОйл» АҚ-қа аудит жасайтын аудитор ұйымды, қаржы есептілігіне аудит жасаған аудитор ұйымның қызметтері үшін төленетін ақы мөлшерін белгілеу және оның қызметтерін бір көзден алу уәзілімен сатып алу туралы. Акционерлер дауысының жалпы саны – 346 337 797 дауыс. «Жақтап» берілгені – 346 337 797 дауыс. Шешім дауыс беруге қатысқан Қоғамның дауыс беруші акциялары жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданды.

«Ақтобе мұнай жабдығы зауыты» АҚ төмендегідей күн тәртібін акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысында шешу туралы хабарлайды:

1) Тәуелсіз директорлар 04.05.2014 ж. № – жоқ шарттың мерзімін ұзарту туралы;

2) Қоғамның Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі (тәуелсіз директор) ретінде А.Ван Де Путтенің сыяқасын өзгерту туралы.

Жиналыс 22.02.2016 ж. жергілікті уақытпен сағат 10-да атқарушы орган орналасқан мына мекенжайда өтеді: Ақтобе қ., 312-атқарушы дивизиясы даңғылы, 42 ж». Жиналыстың қатысушыларын тіркеуді бастау уақыты: сағат 09.00. Қворум болмаған жағдайда жиналыс сол уақытта 23.02.2016 ж. ауыстырылады.

Қоғамның Директорлар кеңесімен шақырылып отыр. Акционерлердің тізімін құру күні: 25.01.2016 ж. Қоғамның акционерлерін күн тәртібіннің сұрақтары бойынша материалдармен таныстыру тәртібі: атқарушы органның орналасқан жері бойынша.

«Астана-құс» асыл тұқымды шаруашылығы» акционерлік қоғамы кредиторияна ескертте, 2016 жылғы 15 қаңтарда акционерлердің жалпы жиналысында «Астана-құс» асыл тұқымды шаруашылығы» акционерлік қоғамының кайта ұйымдастыру жолымен жауапкершілігі шектеулі серіктестікке өту туралы шешім қабылданды.

Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ұжымы республикалық психиатриялық аурухананың бас дәрігері **Әдіхан Кенесұлы АЙДОСТЫҢ** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

ҚазМУ-дың журналистика факультетін 1974 жылы бітірген курстастары Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Журналистика мәселелерін зерттеу институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Намазалы Омашевқа қарындасы **Алтынай ОМАШКЫЗЫНЫҢ** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

қолжетімділік қамтамасыз етілетін болады.

Осы орайда статистикалық ақпараттарды уақтылы оқи білу, мәліметтерге түсіністік білдіру, оларды сауатты іске асыру ерекше жауапкершілікті керек етеді. Сол кезде ғана оның қайтарымы мол болады. Оларды неғұрлым тереңірек талдап, сараптап, таразыға тартқандай қорытынды жасауға үйрену керек. Өз нәтижесінде қандай кемшіліктердің барын, оларды қалай жоюға болатындығын немесе неңдей шараларды жүзеге асыру жолдарын іздестіруге көмегін тигізеді. Есептілікті жасырып көрсетсе, соғұрлым оған берілетін көмектер азайып, жалпы істеліп жатқан нақты жұмыстар көрінбей көлеңкеде қалып қояды. Өз басам осы мәселеге дұрыс көзқарас жасауға шақырар едім. Кәсіпкерліктің түрлерін, оның көлемін, жұмысшылардың санын, өндірген өнім мөлшерін бүкілсіз көрсетсе, өте дұрыс болар еді. Ол өзінде де, халыққа да, жалпы Үкіметтің қолданысына, еліміздің экономикасының өркендеуіне қосылған үлес. Оның тиімділігі де, қайтарымы да аса зор деп білемін. «Кім ақпаратты білсе, сол әлемді билейді» деген қанатты сөз бекер айтылмаған.

Ел Президентінің тікелей қолдауымен мемлекет тарапынан көптеген жаңалықтар берілуде, оның ішінде шағын бизнесті тексеруді қысқарту, ауыртыпалықты мейлінше жеңілдету, есептіліктің санын кеміту, оны бір терезеден қабылдау және электронды форматта тапсыру сияқты көптеген істі жеңілдету, әрі кәсіпкерліктің қағаз бастылығын азайту сияқты түрлері бар. Ал бұл – ел экономикасын дамытуға жасалған нақты қадам. Оны өз қажетіне жаратып, еліміздің өсіп-өркендеуіне үлес қосу – әрбір азаматтың парызы.

Бақыт САПАР,
Статистика комитеті Ақпараттық еншілес орталығының Қызылорда облыстық филиалының директоры.



Ағылшын отбасы 19-шы баласын күтіп отыр



Британияның Моркам қаласында тұратын ерлі-зайыпты Сью және Нозль Рэдфордтар биылғы жылы өмірге 19-шы балаларын әкелгелі тұр.


Тұңғыш перзентін 14 жасында көтеріп қойған 40 жастағы әйел қазір жүктілігінің үш айдан асқанын мәлімдеді. Ал наубайшы болып жұмыс істейтін 45-тегі отағасы осы кезге дейін ешбір несие алып көрмегенін, балаларын өзі асырап келе жатқанын мақтанышпен айтты.

Бақаның тілін бақа білер

Ғалымдар былтыр елдің Сан-Паулу штатындағы орманнан табылған бұл құрбақалардың бір-бірлерімен сөйлесетін өзара түсінікті тілі бар екенін анықтады.

Олардың әрбір құркылдауы мен дыбыс шығаруы сөздік қорын құрайды. Бұған қоса, жәндіктер аяқтары мен алақандарын қозғалысқа түсіру арқылы да белгілі бір ұғымдар ишарасын білдіреді екен.

Африкалық қарт әйел 5 немересінің өлігін мұздатқыштан алды



Оңтүстік Африка Республикасының Какамас қаласында тұратын қарт әйел 5 бірдей немересінің өлігін қошеде бұзылып тұрған мұздатқыш камерасынан тапты.


Полицияның мәліметі бойынша, бір үйдің жастары үштен жетіге дейінгі аралықтағы балалары аулада ойнап жүріп, сонда бұзылып тұрған мұздатқыштың камерасына кіреді. Олар ойнап жатқанда есік жабылып, ашылмай қалады. Осыдан кейін балалардың бірде-біріне сыртқа тірі шығуды жазбапты.

«Барселонаның» ойыншысы салық төлемегені үшін түрмеге түсті

Испаниядағы Каталония соты «Барселона» командасының жартылай қорғаушысы Хавьер Маскераноға қатысты үкім шығарды.

Соттың шешімімен белгілі футболшы салығын төлемегені үшін бір жылға түрмеге отырып, 815 мың еуро көлемінде айыппұл төлейтін болды. Бірақ Испания заңнамасы бойынша, екі жылдан төмен жаза алған және бұрын сотты болмаған тұлға бұл жазаны шартты түрде де өтей алады.

Қытайда пациенттің ішінен 6 метрлік құрт шықты



Қытайдың Шиянь қаласындағы клиникалардың бірінде дәрігерлер пациенттің ішінен ұзындығы 6 метрге жететін құртты шығарды.


Мұның алдында 38 жастағы наукас күн саппал салмағының кеміп бара жатқанын, әлсіздігін, қан аздықтан зардап шеккен. Ал медикаментоздық терапия гәтін неде екенін бірден анықтап берген.

Сауд Арабиясында шахмат ойнау да күнәға жатқызылды

Саудияның жоғарғы муфтіі шахмат ойынын ислам шариғатына сәйкес келмейді деп шешті.

Абдуль-Азиз ибн Абдуллах Аль аш-Шейх мұны жаңа қағидат-фетхтерді таратуға арналған телешоу барысында мәлімдеді. Мәртебелі дінбасы бұған айғақ ретінде ақша тігіп ойнайтын болғандықтан, шахматтың да «құмар ойындарға» жататынын келтірді.

Египет шетелдіктерге қыз сатуды заңдастырып берді




Мысырда жақында қабылданған неке туралы заң шетелдіктердің жергілікті қыздарға уақытша үйленулеріне жол ашып қойды.

Заңға сәйкес, өнді перғауындар еліне келген меймандар өзінен 25 жас және одан да көп кіші қыздар үшін банкке 50 мың египет фунты (6383 доллар) көлемінде ақы төлейді де, оларды «туристік» немесе «маусымдық» сипатта әйел етіп ала береді.

Ақпарат агенттіктерінің материалдары негізінде дайындалды.

Өнер



«Қазақ елі» мультфильмі

шет мемлекеттердің экранына шығады

Францияда өткен соңғы Канн фестивалінде «Қазақ елі» анимациялық фильмінің трейлері көрсетілген болатын. Жарнамалық роликті алып барған TAMED REALITY дистрибьютерлік компаниясының айтуынша, аталмыш мультфильмге Америка, Германия, Ресей және Біріккен Араб Әмірліктері қызығушылық білдірген. Наурыз айында қазақ мультфильмі аталған елдердің кинотеатрларына шығады деп күтілуде.

Айнаш ЕСАЛИ,
«Егемен Қазақстан».

«Қазақ елі» атты толық-метрлі анимациялық фильмі – Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысы бойынша жасалынған. Сол сияқты «Моймын мен қарақшылар», «Толағай», «Маймақ қаз», «Мұңлық – Зарлық», «Сапа олимпиадасы», «Қанатты барыс туралы аңыз», «Қазақстан» ұлттық телеарнасының «Ең үздік жоба» номинациясын жеңіп алған «Томпақ телехикаясы» сериалы да кішкентай көрермендер көңілінен шықты.

Ғаламтор желісіндегі тәуелсіз сарапшылардың қорытынды рейтингіндегі ең көп көрілетін мультфильмдердің алғашқы бесігінде «Сақ» киностудиясының өнімдері құрайды.

«Қазақ елі» мультфильмі Керей мен Жәнібектің бала кездерінен бастап есейіп, ержетіп, ел басқарып, Қазақ хандығын құрғанға дейінгі аралықты қамтиды.

Фильм желісінде Жәнібек пен Керейдің ұстазы болған Қарт батырдың оларға садақ ату, қылыштасу, атпен шабу, сол секілді жауынгерлік өнердің түрлі тәсілдерін үйретуі кеңінен

көрсетіледі. Кейін ел басқаруда білімнің де маңызы зор екенін ұстазынан ұғынған Керей мен Жәнібектің Отырар қаласына аттануы, Отырар кітапханасын аралап, ғұлама ұстаздардан түрлі дәрістер алып, елге оралғанда түрлі ерліктерімен көзге түсе бастауы да қамтылған.

Олардың тай үйретеміз деп жүріп, қалай қарақшыларға тап болғандары, Қарт батырдың көмегімен қарақшыларды жеңіп шығуы балаларға бір жағынан абай болуды меңзесе, екінші жағынан езу тартар болары сөзсіз. Осы эпизодқа арнайы жазылған «Қарақшылар» әнін Нұрлан Абдуллин, Сәкен Майғазиев («Мұз-Арт») тобы сынды кәсіби әншілер орындаса, Берік Тұрсынбековтей («Шымкент-шоу» театры) Ф. Мүсірепов атындағы жастар театры актерлері дубляж жасауға атсалысқан.

АЛМАТЫ.

Бір ауыз сөз

Уақыт көпшіне ілеспей қалай?

Батырлардың батыры Бауыржан Момышұлы – Баукен айтпақшы, «сүйек-етген жаралған адам» болғанын бас ауырып, балтыр сыздамай тұрмайды-ақ. Жақында осындай пәнәйі себеппен Астананың №8 емханасына бара қалдық. Жамағатымыз дәрігерлер науқастарды қабылдайтын кабинеттер алдындағы ұбақ-шұбақ кезекке мұрнын тыға алмай, мазаланып әуре-сарсаңға түсіп жатқанда біз көріністі ұзақ қарап тұруға жүргізіміз шыдамайтынын, сабыр-дәтімсіз жетпейтінін аңғарып шеттей бергенбіз. Содан бас тұрғанша деп қабырғаға ілінген көрнекіліктерге көз жүгірткеніміз сол еді, бұл арада да көңіліміз су сепкендей басылып қалды.

«Неге» дейсіз ғой? Өте орынды сұрақ. Айтпақшы, Сырттай қарағанда әлемі көрінетін стендте түрлі плакат, жарнама, емделушілерге арналған ақыл-кеңестер ілінгіпті. Ең басына Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бір ауыз сөзі келтіріліпті. Қазақ жөне орыс тілдерінде. Қош делік. Стенд тақырыбына: «Салауатты өмір салтын қалыптастыру» деп жазылыпты. «Салауатты» деген сөздің қате жазылғаны өз алдына. Ол «Саламатты» болуы керек еді ғой. «Здоровый образ жизни» дегеніміз қазақ тілінде «Саламатты өмір салты» деп алынып келе жатқалы қашан. Одан қала берді, сонда 8-ші емханадағы абзал жандар «Саламатты Қазақстан» бағдарламасынан да бей-хабар болғаны ма?

Одан әрі Елбасы сөзінен келтірілген сөйлемде тағы әріп қатесі жүр. Оны ежіктеп жатпай-ақ қоялық. Тек бұл сілтеменің соңында «Қазақстан-2030» деп көрсетілуіне қайран қалдық. Ойпырым-ай, бүкіл Қазақ елі, міне, төртінші жылға қадам басты, «Қазақстан-2050» бағдарламасымен жұмыс істеп, қиянға құлаш сермеп жатқанда, 8-ші емхананың жарандары бұған селт етпей, шабан аттай шегіншектеуі қалай өзі?.. деген қынжылысты ой кешті. Олар неге уақытпен бірге қадам баспайды, жаңалықты неге жатсынады? Осы селкостық, самарқаулық халыққа дәрігерлік қызмет көрсету сапасының төмендеуіне де әсер етіп жатқан жоқ па екен? Өйткені, енжарлықтың қай түрі болсын етектен тартары анық қой.

Назар ҚАСЫМ.

Солай ма?

Үстелдің өлшемі

адам тәбетіне тікелей әсер етеді

Қазіргі таңда әлемді алаңдатып отырған өзекті мәселелердің бірі артық салмақ екені белгілі. Оның әртүрлі себебі бар. Соның ішінде ең бастысы – дұрыс тамақтанбау. Осыған байланысты зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатқан америкалық ғалымдар тамақ ішетін үстелдің де адам тәбетіне әсері барын анықтады.

Бұл жаңалықты Калифорния штатына қарасты Луис-Облиспо

қаласындағы политехникалық университеттің ғалымы Бреннан Дэвис пен оның әріптестері ашты. Олар аталған зерттеу жұмыстары барысында 200 ерікті студенттің тәбетіне сынақ жүргізген. Атап айтқанда, бір пиццаны екіге бөліп, бір бөлігін – шағын, ал екіншісін үлкен үстелге қойған. Нәтижесінде шағын үстелге отырғандарға қарағанда, үлкен дастарқанға жайғасқан студенттер тамақты айтарлықтай аз жеген.

Өмірде не болмайды

Жетпіс жылдан кейінгі жүздесу

Соғыс кезіндегі ғашықтар осынша жылдан соң кездесуге асығады

Американың Вирджиния штатында тұратын Екінші дүниежүзілік соғыстың ардагері Норвуд Томас «Валентина күнін» бұдан 72 жылға жуық уақыт бұрын ажырасып қалған ғашығы Джой Морриспен Австралия жерінде қарсы алғалы отыр. Бұрынғы майдангердің бұл кездесуіне керекті қаржыны 2015 жылғы қарашадан бастап Краудфандинг серв



вис орталығы жинап, қолына 7 мың доллар тапсырады. Енді осы ақшаға Томас ақпан айында Австралияға сапар шекпекші. Ал Air New Zealand авиакомпаниясы оны «жасыл континентке» тегін алып-барып қайтпақшы.

Осы кездесуге негіз болған оқиға былтырғы 12 қараша күні өтіпті. Бұған соғыстан кейін Австралияға келіп, тұрақтап қалған Моррисстің бұдан бірнеше жыл бұрын парашютпен секірген қарияның қазір интернетті де еркін меңгеріп алғаны туралы жаңалықты көруі себеп болыпты. Экранға қарап отырған кейуана ондағы кейіпкердің өзінің баяғы жігіті екеніне еш күмән келтірмейді. Сосын оны ескі суреттермен салыстырып шыққан ол ұлына осы адамды тауып беруді тапсырады. Сөйтіп, бірнеше күннен кейін 93-тегі Томас пен 88-дегі Моррис соғыстан кейін бірінші рет Skype арқылы сөйлесіп, бір-бірлерінің түрлерін көрген.

21-дегі Норвуд Томас пен 17-дегі Джойс Моррис 1944 жылдың көктемінде Лондонда танысады. Олар мұнда бірнеше айды бірге өткізеді. Алайда, кейін әскери басшылық Норвудты Францияға жібереді. Ол соғыс біткесін, сол жатқан Құрама Штаттарға оралады. Жастар содан кейін де біраз уақыт хат-хабар алысып тұрады. Соңында Норвуд Джойсқа Америкаға келіп, өзіне тұрмысқа шығуды ұсынады. Бірақ қыз медбике оқуын оқи бастағанын айтып, бұдан бас тартады.

«Сол кезде мен өзімнің оны одан гөрі қаттырақ сүйетінімді түсіндім», – дейді қазір ардагер. Осыдан кейін бұл жұп бір-бірлерімен хабарласуды доғарады. Ал 1996 жылы Англияда Джойс есімді медбикенің ұшақ апатында қаза тапқанын естігенде, Норвуд оның өзінің жігіт күніндегі сүйіктісі екеніне еш күмән келтіре алмайды.

Дамир ҚОЖАМҚҰЛ.

Масқара!

Диктанттан қате жіберген бала

полицияға жауап берді

Бүгінде исламға жағылған күйе-нің салдарынан жазықсыз жандар да жапа шегіп жатқаны жасырын емес. Тіпті, қазір мұсылманның артық түшкіргенінен секем алатындар бар. Тауда сондай жаға ұстатар жағдай Ұлыбританияның Ланкашир графтығында болды.

Атап айтқанда, мұсылман отбасынан шыққан 10 жасар мектеп оқушысы диктантта «ланкестер үйінде тұрамын» деп қате жазып жіберген. Ол мұғалім «қарапайым құрылыстағы» (teraced house) үйде өмір сүру туралы мәтінді оқыған кезде салғырттық танытқан. Дегенмен, оқушының «ланкестікті» жазбаша түрде еске салуының өзі ескерусіз қалмады.

ВВС-дің хабарлауынша, ертесіне-ақ баланың үйіне полиция қызметкерлері келген. Әлеуметтік қызмет өкілдерімен бірге келген олар 10 жасар оқушыдан түсініктеме алмақ болған. Оқиғаның мән-жайы анықталғаннан кейін тәртіп сақшылары бұл күлкілі «іске» қатысты ешқандай іс-әрекет қолданбастан кетіп қалады. Алайда, аяқ астынан күдікке ілінген үл баланың туған-туыстары бұл оқиғадан күлкілі ештеңе таппаған. Осылайша, олар мектеп пен құқық қорғау органдарынан өздерінен кешірім сұрауларын талап етуде. Оқушының отбасы баланың қазір «жазудан қорқып қалғанын» айтып отыр.

Өз кезегінде мектеп басшылығы мұғалімнің оқу орындарында жастардың радикалдануының алдын алу туралы заңға сәйкес әрекет еткенін назарға алды. Өткен жылдың пілде айынан бастап оқытушылар жеткіншектердің күдік тудырған кез келген белсенділігі туралы полицияға хабарлауға міндетті. Ал құқық қорғаушылар нақты әр оқиға бойынша тиісті қылмыстық шешім қабылдайды.

«Егемен-ақпарат».



Фотозтүнд

Апыр-ай, ә!

«Мөлдір» есімді бойжеткен

Сеулге бөтен төлқұжатпен бармақшы болған қыз ұсталды

Алматы бағықаралық әуешайынан «Алматы-Сеул» халықаралық ұшақ турған КС-909 әуе рейсі жолаушыларының құжаттарын тексеру кезінде «Алматы» шекаралық бакылау отрядының шекарашыларына 28 жастағы әйел

адамның шетелдік төлқұжаты күдікті болып көрінді. Төлқұжаттағы фотосуреті өмірдегі түріне ұқсағанымен, жолаушы қыз тым жас көрінеді, екіншіден, әлденеден қуыстанғандай болды.

● **МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: 010008 АСТАНА, “Егемен Қазақстан” газеті көшесі, 5/13. 050010 АЛМАТЫ, Абылай хан даңғылы, 58 А.**



АНЫҚТАМАҒА ҮШІН: Астанада: АТС 37-65-27, Алматыда: 273-07-87.

БАЙЛАНЫС: Астанада: факс (7172) – 37-19-87

Электронды пошта: egemenkz@mail.ru. Интернет-редакция: ekazakhstan@mail.ru

Алматыда: факс (727) – 273-07-87, электронды пошта – egemalm@mail.ru

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана – 8 (717-2) 37-54-21;
Ақтау – 8 (701) 593-64-78;
Ақтөбе – 8 (713-2) 56-01-75;
Талдықорған – 8 (728-2) 27-05-70;
Атырау – 8 (712-2) 31-74-13;

Көкшетау – 8 (716-2) 25-76-91;
Қарағанды – 8 (721-2) 43-69-31;
Қостанай – 8 (714-2) 39-12-15;
Қызылорда – 8 (701) 772-70-74;
Орал – 8 (775) 336-47-57;

Өскемен – 8 (778) 454-86-11;
Павлодар – 8 (718-2) 54-31-56;
Тараз – 8 (726-2) 43-37-33;
Шымкент – 8 (701) 362-63-76;
Петропавл – 8 (715-2) 50-72-50.

ЖАРНАМА-АҚПАРАТ БӨЛІМІ:

Астанада – 8 (717 2) 37-60-49, факс – 37-64-48, egemen_adv@mail.ru
Алматыда – 8 (727) 273-74-39, факс – 273-07-26, guluurekkz@mail.ru

А Материалдың жариялану ақысы төленген. Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Меншік иесі:
“Егемен Қазақстан” республикалық газеті” акционерлік қоғамы

Президент
Сауытбек АБДРАХМАНОВ
Вице-президент – бас редактор
Жанболат АУПАБЕВ
Вице-президент
Еркін ҚЫДЫР